

84(5Каз=4Жам)  
О-69

Дүйсенбек Орманов



АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ

84(5)03 = 4/11/011)

0-69

Дүйсенбек Орманов

Форма №11

КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК  
СРОКОВ ВОЗВРАТА

Книга должна быть возвращена  
не позднее указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

2.02.94	
12.03.94	
11.04.94	
9.06.94	
7.07.94	

№ 01482 - 14000

АККАН  
ЖҰЛДЫЗ

Аудиокнига кітапханасы!

Осы кітапханада  
сөзбесін реттеде  
үсектілесет.

Баерулаудағы даңдар етілген!

Абд.р.

№28436  
Октябрь 2004

10993

Орманов Д. Аккан жұлдыз. Тараз.: Тараз университеті, 2003. -119 б.

ISBN 9965-668-78-7

Кітап бір-бірімен сабактас үш болімнен тұрады.

Автор саңлак спортшы ат спортынан, аударыспактандын Қазақстанның екі дүркін, кекпардан Халықаралық жарыстардың чемпионы, Қазақстан Республикасының спорт шебері Жәнібек Өмірбекұлы Әбдікерімовтың қысқа өмір жолын айшыкты, ері айқын бейнелеген. Тілі жатық, окуга жеңіл. Кітап көишилік оқырманға арналған.

ISBN 9965-668-78-7

© Д. Орманов

### Алғы соз

Ат спорты облысымыздың өте жақсы жолға қойылған. Олай деп, дайтуға толық негізде бар. Не бір сайыпқыран спортшыларымыз көптеген жарыстарда жеңіс туын жоғары желбіретті.

Оған бізде мақтана аламыз, шаттана аламыз. Оған облысымыздың нағызын жоғары, көтерген жаңы жайсаң, көнілі коктем Жәнібек Өмірбекұлы Әбдікерімовтың қысқа ғұмыры мысал бола алады.

Осы кітаптың бас кейіпкері, ат спортына, аударыспактандын Қазақстанның екі дүркін, кекпардан Халықаралық жарыстардың чемпионы, Қазақстан Республикасының спорт шебері.

Бірақ сүм ажад Жәнібектей спортшымызды тым ерте алыш кетті. Оған қабыргамыз қайысты, ортамыз ортайып қалды. Міне, сол алыш та, асыл, тақымы мықты кекпаршы Жәнібек жайлы, туынды жарыққа келіп отыр.

Осындай жастарға улғі боларлық дүние көптеп жазыла берсе нұр үстіне нұр. Осын-ау, шығарма туралы жазушы-драматург Елең Әлімжан өзінің ой бағасын берген.

Аманкелді Қарентаев - Жамбыл облыстық ат спорты федерациясының президенті.

«Аққан жүлдөз» деректі-хикаятын  
штат спортынан, аударыспактап  
Қазақстаның екі дүркін, кокпардан  
Халықаралық жарыстардың чемпионы,  
Қазақстан Республикасының спорт  
шебері, маркум Жәнібек Өмірбекұлы  
Әбдікерімовтың және басқада  
аруақтардың рухына арнаймын.

Автор



## КІРІСНЕ ОРНЫНА

Найзағайы өзгешелеу шатырлар,  
Бұл далада көп сортандар, татырлар.  
Бұл далада еседі екен қасқайын,  
Сексеуіл мен батырлар.

\* \* \*

Ауыл осы түлігін жамыратқан,  
Атаң анау түспейтін қоныр аттан.  
Ерлік нісі шығады ер-тоқыман,  
Тарих нісі шығады шанырактан.

\* \* \*

Тапталмасын деп мынау пүліш далам,  
Сын сағатта сарбаз боп қызын тағам.  
Аузыымды ашсам, комейде сен тұрасын,  
Сені жазбай қалайша тыныш табам.

Қадыр Мырзалиев  
халық ақыны.

## БАЛА ЖӘНІБЕК

Ауыл түнін тамашалай бергім келеді. Тыныштықты әр түстен үрген иттердің дауысы бұзады. Қантардың ақ шұнақ аязы денемді мұздатып жібереді. Сонда да үйге кіргім жок. Аспан ашық, жұлдыздар жымын-жымың етеді....

- Эне, топ жұлдыздардың ішінен бір жұлдыз жерге қарай құлдилай құлаң барады. Лезде көзден ғайып болды. Осынау таңғажайып көріністен кейін әкемнің: «Аспаннан жұлдыз ақкан сәтте өмірге бір адам келіп, өмірден бір адам кетеді», деп айтқаны есіме түсті.

Сол рас екен-ау...

1973 жыл, қантардың 19-шы жұлдызы.

Мәйкөш апа бүгін ерте оянды. Пешке от тұтатып жатқанда сыртқы есік ашылып, ішке біреу енді. Жақын тете қайнысы Батырқұл екен.

- Мәйкөш, терезелеріңен жарық жанып тұрганын коріп, келінің аяғы ауыр еді, Өмірбек те жұмыста, соған не болып калды екен, - деп келгейім фой.

- Рахмет Пиагалар<sup>1</sup>, төрлетіңіз, жоғары шығыңыз. Осы менің жүргегім сезеді, Құдай қаласа келінім бүгін босанатын сияқты, - деп Мәйкөш апа сөйлей жүріп дастархан жасау қамына кірісті.

Дабыр-дұбырдан оянып кетті ме, ішкі бөлмеден келіні Дүйсенкүл шықты. Өзінің пайымдауынша босануына әлі бір жұма бар. Бірақ, түнімен мазасызданып үйкі көрмедин. Кеше түсте келіп тексеріп кеткен акушер-дәрігер Қализа: «Ертең босанып қалуың ықтимал, мүмкіндік болса бүгінен қалмай перзентханага жет» деп айтқан-ды.

Үйде Өмірбек те жоқ, - колхоздың түнгі ауысымдағы жұмысына кеткен.

- Апа, отырсаңызы, өзім-ақ жасаймын фой, - деді Дүйсенкүл, атасы Батекеңе іліліп сәлем берген соң.

- Айналайын көп жаса, ұл тап! - деп Батырқұл келініне рахмет айттып жатыр.

<sup>1</sup> Пиагалар – Майкөш ана Батекеңді осылай деп атайдын. Бұл казактың кәдімгі «Би аға», «Би ағалар» деген сөзінің транскрипциялық түрғыдан ауытқып айттылған түрі.

Дастарханды апа тіпті жайнатып жіберіпті. Қазы-қарта, құрт-ірімшік, науат, мейіз, көмпінгердің түр-түрі осында дерсіз.

Сірә, Мәйкөш, апа дәу сары абдырасын ашиқан-ау.

- Е-е-е, Мәйкөш, бұл мәзірін, иенін күрметіне, - деген Батекең:

- Жана айттым-ғой, келінім бүгін өмірге нәресте әкеледі, соның күрметіне, - деді Мәйкөш апа.

Олай болса, айтқаның келсин, әр сөзін нерінгепен құлағына шалысын, аумин! - деді де, дәмнен ауыз тиді.

Осы кезде ішкі болмeden оянып шыққан апаниң кішкентай немере қыздары Гүлмадина, Оразқұл, Райхан дастархандағы көмпінгек қолдарын созып жатты...

- Айналайын келін, кел отыр. Тамак же, шәй іш, - деп Мәйкөш апа келінің көлтығынаң демен тосеулі төрт кабат корпешеге жайғастырмақ еді, апасынан бұрын Гүлмадина мен Оразқұл отырған орындарынан үшін түрлі шешелерінің қолынан үстай берді.

- Өмірбек те келиш қалар, - деген Батырқұл үйден шығып кетті. Ойында өз үйіндегі келінін осында жіберу еді.

- Келін-ау, мазаң жоқ қой дейміп, оңці қашып отыр – деген енесінен:

- Иә, апа, - деді де. Дүйсенкүл екі қолын еденге тірек отырды.

- Оразқұл, жүгір Әрікүл, Бибікүл, Үрлыхан, Айымқұлдерді шакыры, - деді аласы.

Біраз уақыттан кейін үйдің іші әйелдерге толып кетті. Олар Дүйсенкүлдің түр-әлшетінен толғақ қысып отырғанын сезді.

- Апа, айтқаныңыздың айдаң келетің түрі бар, келінді тез арада ауруханаға жеткізу керек, ішке біткен нәресте, сірә, алып болар, не егіз туады. Себебі ішінің осуі тым ерекшелей екен, - деп жатыр кіші абысыны Әркүл.

- Ойбай-ау, табан астында колікті қайдан таба қоямын. Өмірбектің де келмей жатқаның қарашы, есі бар еркектің бәрі жұмыстарына кетіп те қалған шығар, - деген Мәйкөш апа сыртқа беттеген еді.

Осы кезде есік алдыңғы жолмен қала мен ауыл аралығында катынайтын үлкен сары «Икарус» автобусының гүрліден откен дауысы естілді.

- Апа! – деді Дүйсенкүл.

- Не дейсің, айналайын!

- Апа, ешкайда барып өурс болмай-ақ қойыңыз, мына автобус қазір қалаға қайтады. Уақытты өткізбейін, мені осыған мінгізіп жіберіңдер. Бастанқыдай емес, толғагым тарқаған сияқты, - деген Дүйсенқұл екі қолын тірек орнынан тұрып:

- Көскән<sup>1</sup>, шкафтағы менің киімдерімді даярлаши, - деп шешелеріне үрпес қарап қалған үш қызына қарады.

- Келінмен еріп мени барайын, - деді Әркүл абысыны.

- Мен автобусты тоқтата тұрайын, - деп сыртқа шықкан Айымқұл абысыны үйге қайта кіріп:

- Өмірбек те келді, аттан түсіп жатыр, - деді.

Дүйсенқұл қуанып қалды. Қыздары жүгіре басып, сыртқа әкелерінің алдынан, шығуға кетті.

- Дүйсенқұл, автобус келе жатыр, - деген Өмірбектің дауысы естілді сырттан. Сірә, мән-жайдың бәрін қыздары айттың қойса керек.

Өмекен жұмыс киімін аудастардан Дүйсенқұлді қолтықтай жолға шықты.

Автобуста та келіп тоқтады.

- Үйдің де көшениң бойында болғаны қандай жақсы болды – деген апасы, келінің маңдайынан сүйіп: «Құдай жолынды онғарып, онынан берсін» - деді.

Автобусқа онымен бірге Өмекен мени Әркүл абысыны мінді.

Шопыр орыс жігіті болса да; Құдайға қараған, кіслілігі мол екен. Дүйсенқұлдің жағдайын көріп, жол-жөнекей еш жерге тоқтамастан, Жамбыл қаласындағы әйелдер босанатын перзентханаға дейін жеткізіп салды.

Дүйсенқұлді дәрігерлер тез қабылдады.

- Босанатын уақыты келіпті, сіздер күте тұрыңыздар - деген сымбатты орыс келіншегі Дүйсенқұлді ішке алып кетті. Ои минноттен соң әлгі әдемі келіншек шығып:

- Суюнши, она родила! – деді.

- Менини келин, он мужигі суюнши береді – деді Әркүл қазақша-орысшаны араластыра сөйлеп.

Дәрігер келіншек түсінсе керек, Өмірбекке сүйрік саусақтарын ұсынып жатып:

- Поздравляю Вас, у вас сын. Он богатырь, вес малыша 5 кг 400 грамм, - деді.

Оның күс-күс алаканын әдемі келіншектің ыстық қолы бір қарыса, айтқан жылы сөзі жүрегін тағы шымырлатып отті. Қөп сөйлемейтін Өмекен:

- Спасибо! – деді.

Өмірбек сұлу келіншектің бетінен сүйіп алғысы келді, бірак үяды.

Өмірбек женгесі Әркүл екеуі аурухана қасындағы аялдамадан қала ішінде жүретін автобусты күтпестен, автобекетке жаяу тартты. Діттеген жерге тез-ак жеткендей, тіпті ауылға жаяу кеткілері бар, оған жол алыс, арақашықтық алпыс шақырым. Қеудесін қуаныш кернеген олар ауылға баратын автобусты асыға күтіп тұр.

- «Дүниеде қугаи мен күткен жамаң» деген рас соз екен-ау, - деген Әркүлге Өмекен:

- Қыздарым мен Мәйкөш қуанып қалатын болды, - деді.

Ақыры коптеп күткен автобуста келді...

Бұлар автобустан түскенде үш қыз алдарынан жүгіріп шықты.

- Жишел босанды ма?

- Не босанды, - деп жатыр үшеуі жарыса сөйлеп.

- Інілі болдыңдар!

- Сүйінші апа, жишел бала туыпты. Олар үйге қарай тұра жүгірді.

Осынау қуанышты хабарды естігей ауылдастары үйге әп-сэтте жиналды.

- Мәйкош апа, балаңыздың бауы берік болсын!

- Айтқандарың келсін!

Таңертең жайылған дастархан әлі жиылмаған.

Той түн ортасынан дейін жалғасты. Жақсылыққа жиналған жұрт үйді-үйлеріне қайтқан соң, отбасы мүшелері дастархан басына қайта жайғасты.

Сірә, кешке дейін әке-шешесін күтіп шаршаған ба Гүлмәдина, Оразқұл, Райхан үшеуі үш жерде үйкітап қалыпты. Оларға жайлы төсек салып, көтеріп апарып жатқызған Өмірбек апасының қасына келіп малдас құрып отырды. Жаратылыссың асықпай сөйлейтін Өмекен:

<sup>1</sup> Көскән – Гүлмәдинаны тұнғышы болғанин кейін, апасының қызы – деп атың осылай атайды

- Мәйкөш<sup>1</sup>, бала сенікі гой, егер ұрыксат берсең атын өзім қояйнышы, - деді.

- Балам, оныңа қарсылығым жоқ, кім деп атасан да аман қылсын, сонда кім деп атамақесін, - деді анасы.

- Жәнібек!

- Жақсы есім. Жарықтық әкең Әбдікерім: май Жәнібек қолында, жаңи Жәнібек жолында, - деп өлең айтып отыруши еді. Жәнібек шымыр елінен шықкан алғашын батырлардың бірі, ел корғаган ер болған. Несі бар, кіңкентайымыз Жәнібек батыр бабасының аруагы қонып, елі сүйген ұл болсын! Есімі Жәнібек болса болсын, аумин! – деп анасы ак батасын берdi.

Жақсылық хабар жатқан ба, ертесіне Алматыданғы Өмірбектің інілері Қадырбек, Болат, Аманкелділерден телеграмма келді. Онда: «Жәнібектің бауы берік болсын! Ертең барамыз» дедінген..

## II

Жәнібек бір жасқа толды.

Алғашқында «стұмау» деп ойлаган олар Жәнібектің сырқатына онша мән берген жоқ. Жетелі күннен үдең келеді, күндіз-түні күркілдеп жөтеліп, өзінің мазасы кетті. Тамакқа тәбеті жоқ, үйқысы да шала.

Мәйкош ана немересінің сырқатын ойдан, бүк түсін калды. Торт қыздан кейін туылған ұл айықлас дөртке шалдыққандай. Дүйсенкүл екі козіне ерік беріп, баласының қасында отырганы. Кішентай Жәнібекті ауыл, аудан, облыс дәрігерлеріне дейін апарады, нәтиже шамалы, бәрінің койған анықтамасы «көк жөтөл». Не істесек екен, бала күн сайын нацарлап барады...

Бір күні үйге Өмірбектің ағайыны әрі тете інісі Қожайбай атасын ұны Айтқұла келді де, ол:

- Өмеке, есінше ме, колхозга Шәбден Байбатын - деген кісі бастық болып келгенде, оның жағыз ұлы осындау ауруға шалдықкан еді гой. Содан баласын ұшаққа мінгізгендеге, баласы жөтөлінен мұлдем айыққан еді. Сен де солай етсөн қайтеді, - деген.

Ертесіне Өмірбек пен Дүйсенкүл Жәнібекті қаладагы әэропортка апарып, ұшаққа екі күн мінгізіп, серуендердегі Айтқұлдың айтканы келді. Жәнібектің жөтөлі сан тынышы. Өмекенің үйінде қуаныш қайта жағасты.

<sup>1</sup> Майкеш - Өмірбек тұган анасының атын атайдын

- Эне, апасының алдындағы Жәнібек екі қолын ербендетіп, ойнап отыр.

## III

Жәнібек бес жаста.

Кокесінің қасынан бір елі қалғысы жоқ. Мал жайғап жүрсе, жылқылардың бас жібіне жармасады. «Көке, мен үстап тұрайнышы», «Көке, торы бие туса құлнына мінейінші?», «Көке, көк бие қашан тудады, оның құлнын мен алайыны?», «Көке, мен қашан атқа мінемін?». Жәнібектің осында таусылмайтын сұрақтарына әбден үйренген Өмірбек жай ғана жынышп, басышан сипап:

- Осы малдын бәрі де сенікі, атқа өскенде мінесің, - дейтін.

Төңіректе Беркінбай кокесінің баласы өзі құралып Мұхит бар, Жәнібектен бір жас үлкен, екеуі бірге ойнайды. Қошедегі ересек балалар Жексен, Сәрсен, Дұлат, Жақып екеуінің қызыны тамашалайын деді ме, Асқанды төреші етіп сыйлап, Жәнібек пен Мұхиттың көк шыбықтарына мінгізіп, Сәлім атасын үйінен Мәдібек ағайдың үйіне дейінгі аралықта жарыстырып көрмекші болды. Бұл, шамада, жарты шыбырымдай қашықтық.

Жәнібектің көк шыбығы жүйрік екен, озып келді.

- Мінеки, бас, бәйге Жәнібекке «үш кәмпіт», екінші келген Мұхитқа «бір кәмпіт» - деп, Сәрсен оларға бәйгелерін ұлстаріп берді. Жәнібек кәмпіттерін қалтасына салып жатып:

- Әпкелеріме, інімे беремін, - деді.

Мұхит бас бәйгені алмағанына намыстанды ма, әлде қолындағы бір кәмпітті азсынды ма: - мен Жәнібекпен аударыснап шығамын. – деді бұртынын.

- Ал, кел, шықсан, - деді Жәнібек қолындағы көк шыбықты тақымына қысып ортаға шықты.

Асқан үлкен шенбер сыйзы да екеуіне:

- Кімде-кім осы шенберден бұрын шығып кетсе соның женілгені, - деді.

Мұхиттың тағы жолы болмады. Женіс Жәнібекте. Оның қалтасына тағы үш кәмпіт тұсті. Ол қалтасының сыртынан сипап-сипап қояды.

- Үйдегі бар жақсыны сен жейсің. Жәнібектен бір жас үлкен бола тұрып, кайта-қайта женілесін, - деп Мұхиттың Жексен ағасы қәдімгідей ызыланып қалды.

Бұл сөзге шамданған Мұхит:

- Мен енді Жәнібекпен күрсемін, мықты болсан, шық былай,  
- деді Жәнібекке қарап.

Бұл кезде қошениң бар тұргыны осында еді. Жәнібек пен  
Мұхиттың әкелері де тұр. Жәнібек тайсалмады, қолындағы «көк  
шыбық атын» әкесіне беріп, ортага атын шықты. Бұл жолы төреши  
Жұмахан кокелері болатын.

- Ал бастандар!

Екеуде белдесе кетті. Қенігі палуан дөрсіз, бірін-бірі жыға  
алмай жүр. Жәнібек Мұхитты екі-үш мәрте беліне қапсыра  
ұстасан күйі сілкілеп-сілкілеп алды. Сойткеимен, Жәнібек бір рет  
сүрініп барып кайта тұрып кетті.

Жиналған жанқүйерлер:

- Мұхит, аяқтан шал!  
- Жәнібек, көтеріп алып, жерге сок!

Курес ұзаққа созылды, тұргандар «тең болсын» - деп  
шуласты.

Мұхит әлсірей бастағандай. Тізесі қайта-қайта бүгіле берді.  
Корермендер «тең болсын!» - деп қайта айқайлады.

Төреши «токтандар!» деген белгі бергенімен, екі палуан бір-  
бірімен ұстаскан күйі әлі тұр. Жексен інісін көтеріп әкетті.  
Жәнібек төрешиге бір, әкесіне бір қарады да, шалбарының  
калтасына қолын салды. Ұтып алған кәмпитеттері тұр екен. Үйіне  
қарай тұра жүгірді. Әкпелері мен кішкентай інісі Жандарбекке  
үлестіріп бермекші.

#### IV

Жәнібек алты жаста.

Мұхит досы жетіге толды, ол ертең мектепке оқуға барады,  
Ербол да оқиды. «Енді мен кіммен ойнаймын?» Жәнібектің ойын  
жегідей жеген осы еді. Оның үстінен кеше Мұхиттың: - менен бір  
жас кіші болғаныңмен бойың ұзын, сен де оқуға бармайсын ба?  
дегені бар-ды. Жәнібек осы ойын шешесіне айтты. Ертесіне әкесі  
мектепке барып мектеп директоры Нұрман Жұнісбаевпей сойлесті,  
ол оқысын деді. Әкесі мектепке кеткенде шегір бие құлынады.  
Енесінен аумаған шегір, еркек құлын туды. Қекесінің келе  
жатқанын көшеден көрген ол, алдынан жүгіріп шығып:

- Қеке, қеке сүйінші, шегір бие туды!

Онда сүйіншің даяр, сртсін мектепке баратын болдын, -  
деді баласының басынан сипап. Жәнібектің қуанышында шек жок.

Алакай, мен окуға баратын болдым! - деді де, Ербол мен  
Мұхиттың үйлерине қарай жүгіре жөнелді...

#### V

Жәнібек жетіде.

Сабакқа барып жүр, ұлғерімі жақсы, сының жетекшісі  
Қалдан әкпейі кешегі өткен ата-аналар жиналышында мактады.  
Оған анасы Дүйсенқұл бір көтеріліп қалды. Жәнібек өткен жылы  
тұған шегір тайға мінуді үйренді, бір-біріне бауыр, басып  
кеткендей. Сабактаи келе асты-үстіне түсіп, оны жылы сумен  
шомылдырып, жем-шебін беріп, шегір тайын бір коріп, сипап  
келеді. Өмекен бүгін қүндегісінен қештеу тұрды, Жәнібек окуға  
кеткен. Мал жайгауга қора жаққа барғанда, шегір тайдың орныда  
жок екендігін коріп, корқып кетті.

- Эй, Дүйсенқұл, Жәнібектің шегірі қайда? - деді анылуы  
үчін.

Білмеймін, - деген келіншегіне.

Дау де болса, Жәнібектің өзі мектепке мініп кеткен-ау,  
барып тайды алып кел, - деді дауысын котере сөйлем.

Дүйсенқұл женгей мектепке келгенде, отағасының айытқаны  
рас болып шықты. Шегір тай мектеп артындағы теректе байлаулы  
тұр екен. Женгей тайды байлауынан шешіп алып кетпекші болып  
еді, шегір тай тартыншықтаи жүрмеді. Мұның бәрін сабакта  
отырып, терезеден коріп отырған Жәнібек шыдай алмастай  
мұғалімнен сұранып, жүгіріп сыртқа шықты. Алыстан Жәнібекті  
корген шегір тай оған қарай ұмтылып, оқырина пыскырып, кісінеп  
коя берді.

- Экен үрісіп жатыр, мініп кеткенін қалай? - деді  
қастарына жақындаған анасы.

Жише, енді қайтемін. Оқуға кетіп бара жатыр едім тай  
кісініп коймады, тынырышып орнына тұра алмады, шылбырын  
үзетін болған соң, амалсыз, кимай мініп кеттім, - деді Жәнібек  
шегір тайдың сипалап тұрып.

Жарайды, сен сабағына кір, мен тайды жетектеп алып  
қайтайын, - деп, анасы шегірдің шылбырынан ұстады.

- Шегір, жишеме ілесіп үйге қайт, мен сабактан соң барамын, - деді де тайының мойынынан құшақтағ, құлағына сыйырлады. Сол-ақ скси, шегір тай Дүйсенкүл женгейдін сонынан ілесе жөнелді. Жентей-Өмірбек аға бәрін түсіндіріп айтты:

- Баланы бетімен жібермеу керек, деген бір ауыз сөзі «Жәнібек сабактан келген соң сыбағасын жейді», дегенмен бірдей еді.

Жәнібек келгендеге әке райынан қайтпапты.

- Сен әлден өз білгенінді істесен, өзіннен кейін сені көріп өскен інілеріңнен не күтуге болады, айтшы, қане? – деді дауысын котере сейлед.

Араға апасы мен анасы тұсті. Көкем үрады деген оймен ол Мұхиттін үйіне қарай жылыстың берді. Бірақ қекесінің ойында еш ұрып-согу деген жок еді. «Баланы жастаң» деген, Жәнібек енді мұндай істі қайталамайтын болды, «сабақ алды» деді Өмірбек аға женгейге қарал.

Күн батып, караңғы тұсті. Кепкі асқа отыратып уақыт та келіп калды. Ал, бірақ Жәнібек әлі үйге келген жок.

- Өмеке-ау, осы балаң сенен қорқып үйге кіре алмай жүр-ау. Мұхиттың үй жағына қарай кеткен, барып өзін ертіп келші, - деді Дүйсенкүл женгей-Өмірбек аға.

Өмірбек Беркінбай мен Жұзжасардың үйлеріне барды, Жәнібек жок. Үйге көңілсіз келген Өмекең «неге ғана ұрыстым екен» деп іштей күйзелді.

- Эй, Қосқен, Оразқұл екеуін Қатай, Сәрсен, Қалмұраттардың үйлеріне барып келіндерші, мүмкін бір үйде телевизор коріп отырган шығар, - деп женгей қыздарын жұмсады. Олар құстай ұшып тоңіректегі барлық үйлерге барып шықты, Жәнібек жок. Оразқұл жыламсырап жүр: - Үйдің мына жағы ашық дала, тұн болды, оны қасқыр жеп қоятын болды ғой, - деп көз жасын тия алмай, еңк-еңк етеді.

- Сен қыз қай-қайдағыны айтпаши, - деп шешесі ашууланып қалды. Бағанадан бері үнсіз отырган Өмекең:

- Мүмкін ол Есенихан мен Нәдірәлінің үйлеріне кеткен шығар, балалары Жәнібекпен бірге оқушы еді ғой, - деді де, үйден шығып кетті. Өмірбек ол үйлерге де барды, бұл кошеге тегі келмеген.

- Ойбау-ау, ол бала сонда қайда кетті? – деп женгей қорқа бастады.

Тұннің бір уағы болды. Бәрінің де тамак ішуге тәбеті жок. Үй іші тым-тырыс, әркім өз ойымен ариласып әлек.

Тыныштықты корадағы шегір тайдың кісінеген дауысы бұзды.

- Осы бала шегірдің қасында отырмаса, не қылсын. Дүйсенкүл жүр, коріп қайтайық- деді Өмірбек келіншегіне.

Екеуі корага кіргенде, шегір тай екі құлагын жымитып айбат шекті, тепсініп бұларды қасына жақыншатар емес.

- Өмірбек қарашиб!
- Қайда кара дейсін?
- Аттакырдың ішін деймін, - деді Дүйсенкүл женгей қуанышты дауыспен.

Шыныштықтың шоқ салынған аттакырдың ішінде біреу жатыр.

-Дүйсенкүл-ау. Жәнібекі мұнда үйыктап жатыр ғой.

Әкесі қуаныш кетті. «Жануардың кісінегені Жәнібек мұнда жатыр дегені екен-ау, айбат шеккені неге Жәнібекті окпелеттіңдер дегені екен-ау» - деп ойлады Өмірбек аға.

Шегір тай Жәнібекті тұмсығымен түрткілең түр-түр дегендей, аяғымен аттакырды тарсылата бастады. Жәнібек оянар емес, катты үйыктап кеткен. Сол ертегідегі батырлар секілді. Әкесі үйқыдағы ұлын котеріп аллы құшагына қысты. Екі бетінен алма-кезек сүйіп жатыр. Дүйсенкүл женгейдін көзіне жас үйірліді. Бұл қуаныштың көз жасы еді.

## VI

1988 жыл. Жәнібек он бес жаста.

Әзінен кейін өмірге келген Жандарбек, Темірбек, Қазыбек сынды інілері мен қарындасты Гүлназия гүлдей жайнап өсіп келеді.

Жәнібектің бар арманы атқа мініп, қекшар тарту. Әттең әлі жас, әрі лайыкты аты да жок. Әкесінің жұмысқа мініп жүрген торы аты қекшарға сірә, жарамас. Мінсен секендерген жүрісінен ішін түсіп кала жаздайды. Былтырдан бері қекшарды жігіттердің аттарына мінгесіп барып, қөрмей болып қызықташ қайтып жүрді.

Кеше Сәбден ағасының торы айғырына мінгесіп қөрші ауылда болатын қекшарды тамашалауға кетіп бара жатқанын сырттай қөрген Өмірбек аға «Осы балаға ат әкеліп бермесем болмас» - деді іштей. Осы ойын анасы мен келіншегіне айтып еді, олар да қарсы болмады. Кешкісін қекшардан оралған Жәнібекке әкесі:

- Балам, ертең Луговойға барып, ат сатып әкеліп беремін, - деді.
- Шынымен айтасыз ба?
- Мен сени алдаған күнім болды ма, жарығым?
- Жәнібек әкесінің мойынына асылып, бетіне сүйді.
- Кастан әкелесіз, көке!
- Ертең, жарығым.

Сол түні Жәнібек үйіктай алмады. «Ган атсайшы бір. Тезірек күн шығып, кокем Луговойға барса екен». Оның бар ойы осы. Көзі ілінпін кетті. Тұс коріп жатыр: кокесі қүрен донен әкеліпті, жүрісі қандай жайлы десенін. Шабысын айтсанызышы. Тақымында кокпары бар, сыйынтас досы Айдар ешкімге жеткізер емес, кокпаршылардан оқ бойы озып кетті. Жәнібек қүрен дөненге қамши басты, ән сәтте досын күшті жетті. Екеуі тартысын келеді. ол көкпарды онайлықпен берер емес. Жәнібек қамышыны ауызына тістей, қүрениң басын бос жіберіп, қос колдан шірене жұлжып қалғанда, кокпар Жәнібектің қолында қалды. Мөз, шауып келеді. Мәреле жакынады, ән-әне кокпар діттеген жерге солж ете түсті.

- Жәнібек! Жәнібек!, Жәнібек...
- Жігіт деп міне осыны айт!

Көреремен шулап жатыр.

- Эй, Жәнібек, тұр, сабактан қалатын болдың, - деген аиасының дауысынан оянып кетті. Тұсі екен.
- Көкем қайда? - деді Жәнібек орынана тұрып жатып.
- Кокен Луговойға кетіп қалғалы қашап, Бизақ атаниң электрик ұлы Төрехан машинасымен алыш кетті - деді Дүйсенқұл женгей дастархан жайып жатып.

Әмірбек агалар Луговойға барған күні ойындағы аттарын таба алмады. Үш-төрт жылдыны көріп еді, үнамады. Сол жерде бейтансыс бір кісі Луговайдан 20-25 шақырым жердегі ауылда бір кісіде екі дөнен бар, соның бірін алсаңыз оқінбейсіз, деген. Олар айтқан ауылга келгенде аттардың егесі үйінде болмай, сол үйде конып қалды.

Корада байлаулы ак жал сары мен қүрен дөнен түр. Өмекенің көзіне қүрен бірден шоктай басылды. Төрехан ат тани билетін жігіт болып шықты.

- Көке, калауда осы қүреноңді алышыз, - деді Төрехан.
- Өзім де осыны қалаң тұрмын.

\* \* \*

Әкесін десбірсіздене күткен Жәнібек ауылдың шыға берісіндегі көпірдің білік жактауына отырып алған, екі көзі жолда. Қала жақтан келіп, отіп жаткан машиналарды токтатып: «Жолда ат артқан машина келе жатканын көрген жоқсыздар ма?», - деги сұрағысы келеді. Бір машинаға токта дегендей белгі беріп елі, ол токтамай ете шықты.

Түн болды, көрінбейді. Үйге қайтты. Үйкісі келер емес, көзі ілінсе кешегі түсіндегі қүрен донен кісінен цыға келеді.

Тан да атты-ау, бірақ бүгін неге екенін сабакқа барғысы келмеді. Немересінің осынау коніл-күйін көрген апасы:

- Келии, Жәнібек бүгін оқуына бармай-ак, үйдегі малға қарасын - деген. Анасы қарсы болмады. Жәнібек куанып кетті, бірақ көңілінде кокесі мен қүрең дөнен. Малды жайғады да, кешегі көпірge қайта барып жайғасты...

\* \* \*

Мал егесі ертесіне тұске таман келді. Келген кісілердің шаруасын білген сон:

- Қүрең доненде сатпаймын, аламын десеніздер ак жал сарыны алышыздар, - деді. Оның бұл сөзі Өмекенің үстіне мұздай су құйын жібергендей болды.

- Не сұрасаңыз да берейін, екі есе құнын төлейін, қүреноң беріңіз.

- Жок, оны сатпаймын.

- Балам тағаттыздана күтіп отырган шығар, берініз қүреніді.

Біраз саудаласты, келісті. Өмекен ағаның куанышында шек жок. Жолда Луговойға қайта соғып, бір сиырды және сатып алыш ауылға қарай жол тартты...

Бұлар ауылға келгенде, кеш те болып қалған еді. Жәнібек сол көпірдің үстінде әлі тұр. Жылқы артқан машинаны коріп куанып кетті. Үйге қарай тұра жүгірді.

- Апа! Жиис! Әкеле жатыр, әкеле жатыр!!!

Машина үйдің қасындағы төбешікке жақындалап келіп, тұра қалды... Сол! Тұсінде көрген күрең дөнен, дәл өзі. Машинадан түскен әкесін құшқатап жатып:

- Рахмет, коке! - деді ол куанышы койнына симай.

- Рахмет, Торехан аға!

- Көке ертеп беріңізі.

Кокесі қүренге ер салды. Қүрен шын егем осы екен-ау дегендей, енді мінгелі тұрган Жәнібектің колтығына тұмсығыштықты. Жәнібек қүренге қарғып мінді.

М28436

Аудандық

орталық кітапхана

Әне, бала Жәнібек көкесі әкеліп берген күрең дөненіді көкпаршы ағалары Сәбден, Жанбайбек, Бейшен, Вагоихандарға корсетуге бет алып барады...

## II БӨЛІМ

### ЖАРАЙСЫЦ, ЖӘНІБЕК

#### I

Көктем. Сұлу көктем. Дала түлеп, жазыла керіліп жатыр. Көніл шат. Аспан түп-тұнық, колбендең көбелек үшады. Барша халық ауыл сыртындағы жазықта отетін Наурыз тойына бет алган.

Қуаныштарында шек жок. Осынау мерекеде әнниен шашу шашылып, соны ат ойынына ұласпак. Әне, күрең атқа мінген Жәнібек те солардың қатарында кетіп барады. Олар мұнда келгендеге ауыл әншілері Нұрлан мен Шерхан жаяу жарыста жесляқ атанған 50 жастағы Сатымханың құрметіне ән жолдан тұрды...

Думан ат спортына жалгасты.

- Аударыснанкі шығатын кім бар, ортаға шықсын, - деген колхоздың бастығы Смөт Мұсабековтің созі тоң ішінде тұрған Жәнібекті елең еткізді. «Шықсан ба екен», деген бір ой қылаң ете қаллы. Қасына атисн шауып келген ағасы Жанбайбек:

- Жәнібек, көрсөң кайтеді, - деді.
- Жарайды тәте! Өзім де ойланып тұр едім.

Жәнібек қүрәмін ытырылып ортаға шықты.

- Қане, Өмірбектің ұлы Жәнібекке қарсы келер кім бар, ортаға шықсын, - деп Смөт қайта айқайлады.

Осы тұста көрмендердің ішінен қара атқа мінген зор денелі, мұртты жігіт, сірә, ауылға келген қонақ болуы керек: «Мен шығамын» - деп дауыстады. Ол ортаға шыққан бетте Жәнібекті іліп әкетпекші болды, бірақ қолы ауа қарман дегені болмаган соң, ашуын астындағы атынан алып, тебіне камшылай тұсті.

- Апырау, мына дәу қайтеді-е? Жәнібекті үстап алса, жұлып алады-ау, екпіні жаман ғой өзінің – деді, бағанадан бері барлай қарап тұрған Рәт атасың қөкпаршы ұлы Аңсабек.

Тартыс ұзакқа созылды. Жас та болса қүш-куаты асыптысқан Жәнібек саспады, бір-екі мәрте дәудін қолын қағып үлгерді.

- Жәнібек!
- Жәнібек!
- Жәнібек! – деп ауыл жігіттері оның көніл-күйін көтеріп тұр. Сол-ақ екен, қарсыласының сол жағынан келіп, қолынан қыса үстаған күйі сүйрөй жөнелді. Әлгі мұны күтпесе керек, атынның жалын құшактаған бойы жерге сыйрылып тұсті...

- Жарайсың, Жәнібек! – деп көрмөндер шуласып жатыр. Жәнібек ортада әлі түр.

- Қане, Жәнібекпен тагы кім шығады? – деді Смет.

Осынау коріністен кейін кімнің дәті барсын, ешкім шыкпады. Женіс Жәнібекте. Бәйгеге берілген бір койды алдына онгеріп ортадан жайрандан Жәнібек пықты. Алдынан ағасы Жанбайбек кез келіп, женісімен күттүктап, бетінен сүйіп жатыр. Бұл жеңіс Жәнібектің алғашқы женісі еді.

Аударыспактың соны кокпарға ұласты.

Жәнібектің мұндағы үлкен көкпарға қатысуы көптең арманы. Өзі катарлы балалармен бірге «бала кокпарға» барып машиқтанып жүргеніне екі жыл болған.

- Жәнібек, команда мүшесі Аяберген қалаға кетіпті, соның орына сен шығасын, - деді, қасына көк атпен келген ауыл көкпаршылары командасының басшысы Бейшен.

- Тәте, шын айтасыз ба?

Жәнібек қуанып кетті.

Куанышы қойнына симаған Жәнібек күреңіне қарғып мініп, көкпаршыларға карай шаба жөнелді. Көк аттылы жерде жаткан көк серкені іліп алуға әрекёт жасауда. Ол додаға кірді де кетті.

Міне, біреудің колы кокпарға ілікті, астындағы атын камшылай түсіп додадан пықты, оған тагы біреу катарларда жармасып келеді.

- Ой, мынау күреңдегі жас бала қайтеді-еї.

- Ау, бұл Өмірбектің Жәнібекі ғой!

Көрмөндер шуласып жатыр. Торы аттагы көкпаршы үлкендігін көрсетті, астындағы аты да әккі екен. Шауып келе жатып кілт тоқтагаңда, жармасқан Жәнібек көкпардан колы шығып кетіп, тіке шапкан күйі кете барды. Жәнібек оған екінген жок, қайта ағаларымен кокпарға қатысқанына қуанып жүр.

Қасына Сәбден ағасы шауып келді.

- Жәнібек атынды демалдыр, озім белгі беремін, сол уақытта көкпарды ауылға алып қашып, бір үйге түсірерсін, - деді.

- Жарайды, тәте!

Көкпар ұзакқа созылды. Күн батуға жакын.

Жәнібектің күрені тыптырып ауыздықиен алысып түр. Өзінің де дөлебесі козды. Сәбден ағасынан белгі жок, барып додаға кіріп кетсем бе екен. деп те ойлан кояды. Әлден уақытта жерде жаткан көкпарды ілген күйі додадан сыйтырылып Сәбден шыкты.

Жәнібекке қарай шанты. Мұны Сәбден ағасының белгісі екенін сезген Жәнібек оның қасына катарласа берді. Сол-ақ екен көк серкені Сәбден Жәнібектің тақымына салды. «Ауырын - ай», - деп ойлаған Жәнібек, бір жағына кисайынырап отырып алды да, күрәңгі қамшы салды. Соныңа құғыншылар іlestі. Оның ойы – сыйыптас досы Айдардың жаңа босанған Үлмекен деген жеңгесінін үйіне апарып түсіру.

Жәнібек ол үйдің әулісіне кіріп, токтағанда даладағы тасуруттырыды етсіген Үлмекен сыртқа жүгіре шықты. Жәнібек оның алдына кокпарды тастай салды. Үлмекенің үрейі ұшып үйіне қайта кірді, өні бұзылып кеткен, дір – дір етеді.

- Ә - Ә - біл - сей -- іт, Ж – Жәнібек есіктің алдына басы жок ешкі әкеліп тастады, - деді.

- Қорыққаның не сонша, ол көкпар ғой, қалада туып - есекенің корініп қалды, - деп қарқылдай құліп, Әбілсейіт сыртқа шыққанда көкпаршылар есік алдына жиылыш қалып еді. Нәдірәлі аксақал да есік алдында жүрген.

- Коке, көкпарға бата берініз, бұл Жәнібек баланыздың алғашқы көкпараты, бата берініз, - деді көрші ауылдың құғыншы – көкпаршысы Қалман.

Нәдіралы көке, көшілікке қараң қолын жайды:

- Қыдыр бабам болсын сенің жолдасың,  
Құдайым әркез қолдасың.

Жолың болсын шырағым,

Қанатың болсын пырағың! Эумин, - деді. Көкпаршылар да беттерін сипады.

## II

1989 жыл, 25-ші маусым.

Мектеп алдында сап түзеген оқушылар толқып түр. Олар бүгін білім алған алтын үяларымен қоштаспақ. Мектеп директоры Жұмабек Әліпбаев оларға орта мектепті бітіргендегі жөніндеге аттестат тапсырып түрьпі:

- Өмір жолы сан тарау. Енді, міне, сендер сол қындығы мен қызығы мол өмірге жолдама алып тұрсындар. Әркайсының өз арманандарың, оз ойларың бар. Мысалы, Әбдікерімов Жәнібектің арманы, - көкпаршы болу. Оның осы арманының асқақ шынына шалдықпай жететініне көміл сенемін. Қазірдің өзінде үлкендермен

үзенгі қағыстырып жүр. Ал, Басаров Мұхит болса, техникаға күмар. Одан мықты механизатор шығады...

Директор тебірене ұзақ сөйлемді.

Жәнібек үйіне куанып келді, қолында аттестат.

- Балам, құтты болсын. Енді оқымын десең Алматыға бар. Кәлірбек ағаң күтіп отыр. Өзім оқытамын дегсін, - деді әкесі.

- Көкс, екі-үш жыл сіздерге қолғабыс тигізсем деймін, оның үстінде азаматтық борышым - әскери қызметім бар – деген Жәнібекке әкесі:

- Өзің біл, балам. Менің әкелік парызым сендерді қатарларынан қалдырмау, - деп Өмірбек баласының басынан сипады.

### III

Торы шегір ала аяқ атты құнанында қокесі Шоқайда тұратын Өмірбек деген кісіден сатып әкеліп берген. Жәнібек оны сол қезде – ак қекпарға салып, ел аузына іліккен – ді.

Бірде Жұма станциясының «төлесвишка» манайында болған қекпарда Жәнібек сол құнанымен екі рет салым қалғанда, сонда тамашалап отырған бір ақсакалдың: «Баланың өзінен де айналайын, мінген құнанын да айналайын» - дегені бар-ды.

Содан бері екі жыл.

Бұған Талас ауданына қарасты «Тамды» ауылында үлкен қокпар болады екен дегенді естіп, менің де (осы деректі жазбалардың авторы) барғым келген. Бейсеннің «Жигулимен» Борібек, Бекен. Жұман төртеуміз бармак болып жолға шыққанымызда, бізді Жәнібектің немере атасы Айдарбек тоқтатты. Ол кісі де сонда бармақшы екен.

- Көке, жол қысқарсың, әңгіме айта отырыңыз. Жәнібек балаңыз жас та болса нағыз қекпаршыларша тартысады. Ол өзі кімге тартқан, - деді біраз үнсіздіктен кейін менің қасымда отырған шекіреші Әжіхат атаниң ұлы Борібек. Айдарбек көкеміз әңгімеішіл болып шықты. Біз тыңдалап келеміз.

- Жәнібек Әбдікерім аталарына тартқан. Ол кісінің қолдары ұзын, саусақтары салалы әрі жуан, бойшаш кісі еді. Жәнібекті коріндер де, сол кісіні коз алдарыңа елестете беріндер. Заманында ат құлагында ойнаған от жүректі, білек күші тасыған, тақымы мықты қекпаршы, палуан, сыйыскер – бақаныны ретінде мацайға танымал болған. Мен сендерге Әбдікерім ата турлы,

Беркінбайдың қокпаршы, айтыскер ақын әкесі Басар атадан естіген бір әңгімемді айтты берейін. Тыңдаңдар:

- Сонау, 1915 жылдың күз айы болса керек.

Бұған Керімбай болыс әкесі Бұралқыга ұлан-асыр ас-той бермек. Қатар-қатар тігілген киіз үйлерде есеп жок, бәрі де алтын жалатқандай жалт-жұлт етеді. Алыстан көздің жауын алын, келген қонақтардың қоңылін бір көгеріп тастагаңдай. Келгендер бұл ас-тойда нағыз думаңға кенеліп, қызықтың қызығын тамашалайтындарына көміл сеніп жүр.

Қонақтар Өзбекстан, Қыргызстан, Каракалпакстан, Казакстанның түкпір – түкпірінен керуенмен ағылып келіп жатыр.

Ас-той жеті күнге үласнап...

Әллебір себентермен Әбдікерім үшінші күні келген.

- Әбдікерім, келгенің қандай жақсы болды, енді келмегендегі жігіттерді жіберіп, өзінді алдыրтайын деп отыр едім, - деген Бексейіт Әбдікерімнің екі иығынан үлкен қолдарымен екі – үш мәртес жұлки өзіне қарай тартып еді, Әбдікерім «былқ» етпелі.

- Бабында екесің, батырым! Уш қүннен бері Алатаудың қүнгей тұсынан келген қырғыздың бір палуаны шшікімге дес берер емес. Одан өзбектің екі палуаны оқіре құласа, Каракалпакстаның үш жігіті қан құсты, ал, батыстан келген қазагымыз ол да қан болды, шығыстан келгеніміз шан болды, солтүстіктен келгеніміз серейіп жерде жатты. Қырғыз палуанының бст алысы жаман, астындағы аты да келісті екен. Ол мейлі жерде де, мейлі ат үстінде де алдына жан салмай келеді, мықты палуан скен, тәйірі. Өзінді Ойықтағы Туғанбайдың қызының тойында ат үстіндегі өнерінілік коргенімін. Сонда қекпарда жана бауыздылған дәу қек серкені, екі сирағынан үстап екеуміз екі жаққа тартқанымызда, қекпарымыз екі айрылып кетіп еді. Сол қезде сенің қүштілігінді байқаған едім. Інім, сол күш-қайратынды көрсөттер күн туды – гой деймін...

Бексейіт сөзін аяқтай алмады. Осы тұста анадай жерде тұрған Керімбай болыс, айқайладай сөйлем:

- Да, Өтеболаттың баласы Бексейіт! Таластың тәменгі жағы палуанға толы десүйін еді, бұл не тұрыстарың?

Қырғыздың жігіті бас бәйгеге берілдер елу түйе, елу жылқыны алдына салып айдан кете бермек пе? Намыс қайда? Айтпақшы Қалы би бауырымның жас перісі бар деп естіп едім. Аралиарында бар ма ол? – деді.

Ортадан атып шықкан жас жігіт:

- Менін ата! – деді.

Жігіттің сымбатты денесіне сүйсінсе керек:

- Бәрекелді, жігіттің сұнқары екенсің той озің. Атың кім? – деді де болыс оның ишінде қақты.

- Әбдікерім!

- Багынды сынап көрсөн қайтеді, інім.

- Ага, менін мұнда келгенім жаңаған еді, Бексейіт ағам сен шығасың деп түр той...

- Ағаң айтса қалт айтпаған екен, сенгөн емес пе, ендеше ертенге даярлан. Жол жүріп келісің, оның үстіне «қыргыздың қыргызы да» дем алсын. Ақ жол, інім, - деді де Керімбай болыс нокерлерін ертіп көрі бүріліп кете барды.

Күн кулімсіреп ұсынан көтерілді. Кеше кешкілік Беріккарадан тұрған жел сап тылған елдің көңілі көтерінкі. Эр киіз үйден шықкан адамдар ойыны отетін алаңға қарай бет алып барады. Бәрінің аузында қыргыз палуаны. Онымен Әбдікөрімнің шығатының бұлар білмейтін еді.

- Мінс, оргала торы қасқа атын ойнатып қыргыз палуаны түр.

Онымен кім шығар екен? Халықтың ойға түйгөні осы.

- Эне, қаумалай қоршалған халықты как жарып қыргыздың қасына Жолдығұлың кара қасқа ала аяқ аргымагын мінгей жас жігіт Әбдікерім жетіп келді. Екеуінде үстінде аударыснақ. Биік төбенің үстінде Керімбай болыс отыр, қасында оншақты адам.

Әділ – қазылар алқасы осы кісілер еді. Торешінің белгісінен кейін ат үстінде әйқас басталды да кетті.

Қыргыз палуаны әлегеннен Әбдікерімге жармасты, ол қағып үлгерді. Қыргыз кадалған жерден кай алатын адымдай қолдарын Әбдікерімге созып, ұстан алмак. Бірақ, Әбдікерім де осал еместігін көрсеткендей. Беліне дейін жаланаштанған палуандардың денелерінен аккан тер күнге шағылысып, жалт – жұлт етеді. Арналасқандарына да біраз уақыт болды, еш шаршап – шалдығудың белгісі жоқ екеуінде де, тек аттарының танаулары желбіреп қаралға түскең.

Әбдікерімің астындағы қара қасқа алдыңғы екі аяғын жогары көтере тепкенде, қыргыздың атының он жак бүйірінен деп тиді. Сонда да шімірікпейді шіркіпін, қайта ызаланған ол Әбдікерімнің желке тұсынан келген күйі сол қолының білек тұсына тас кенеше жабысты. Әбдікерім ауырсынды, қыргыз сындырудан

тайынбайтын сынайлы, бұраган үстіне бұрап барады. Басы иіліп, аттан құлауга шақ тұр.

Жиналған жұрт жым-жұрт, демдерін ішіне алған. «Ең құрығанда бір саусақы қолыма тисе гой», деп ойлады Әбдікерім. Оның ойының орайы да келді. Қыргыздың камиши ұстаган сол қолының басбармагы Әбдікерімнің он қолының салалы саусақтарына ілікті. Ол оның сыртынан бүре қысканды қыргызының қаминысы жерге түсіп, білеғіндегі колы ауа қармай бастады. Астындағы аты да тықырышып, алдыңғы екі аяғын қекке көтерді.

Ерге қайта түзүленип отырган Әбдікерім оның енді басбармағымен қоса өзге саусақтарын қыса түскенінде үстіне қыса түскен. Жанағы Әбдікерімнің кебін ол кигендей, басын шұлғи жұлқынады, бірақ Әбдікерім жіберсін бе? Қыргыз палуанының жан дауысы шықты, мұришынан қан кетті. Әбдікерім атын тебініп – тебінің қалғаны сол – ақ екен, арғымағы екі аятын жоғары көтере алға ытырылды. Қыргыз палуаны атының жалын құшактаган бойы жерге бүрк етеге құлады.

- Жеңіс Әбдікерімде! – деп төрсін оның қолын көтерді.

Ізага булықкан қыргыз палуаны жерден тұрып жатып:

- Мен бұл қазақпен енді бақаимен сайысқа түсемін, бақаимен сенің бұтынан іліп алып, Алатаудың чың басына лактырып жіберемін, - деді айқайлай.

- Батыреке, сенің алып Алатауың болса, менің карт Қаратаям бар, койына сол қартым алып жатпасын, - деді Әбдікерім күлімсірей. Осы кезде тобеде тұрған Керімбай болыстын дауысы шықты. Ол он қолын жоғары көтеріп:

- Уа, палуандар! Мен сендерді ерегіссін деп шақырғаным жоқ. Ойын-сауық достыктың белгісі. Егер, сайысқа түсемін десендер, түстен кейін осы алғанға келіндер. Ал, қазір екеуін ел алдында бір-бірімізге кек сақтамаймыз, достығымыз мөңгілік болады деп, қол алсын, бір – бірінді құшактандар, - деді.

Үлкеннің сөзіне бас иген мұсылман халқының ұлдары емес пе, екі палуан қол алсын, құшактаса кетті. Түстен кейін жиналған жұрт, оргадағы екі сайысқерге коз тіккен. Ортада сол екі палуан. Төрещінің он жағындағы қара қасқа ала аяқ аттағы Әбдікерім, сол жағындағы торы қасқа аттағы қыргыздың атакты палуаны.

Сайыс – қолдарына 4 метрлік ұзын бақан – аша алып, 500 метрдей жерден бір – біріне қарсы шауыш, бақан – ащамен іліп түсіргісі келетін, өте қауіпті ат ойыны.

Төрөні осылай деді.

Міне, жігіттің жігітіне ғана бітегін күш – қайраттың сыналар шағы туды. Төрөші адымдаш мәрені белгілеген соң әр сайыскерлерді өз орындарына апарып ортага қайта келді. Ол белгі бергені мұн екен, екеуі бір-бірінсі, бақан – ашаларын ойнақтатып қарсы ұмтылды.

- Уа, Эруак! Эруак!..

Ел шулап түр. Баганадан бері барлай қарап тұрған Әйімбек пен Басар өз бармактарын өздері шайнал жең қоярлыктай, шыдай алмай түр – ау, сіра. Ойларында Әbdіkerіm жесіліп, абырайымыз айрандай тоғайлмесе екен дейді.

Міне, жакындасты. Айқаскан бақандар, шарт-шұрт етеді.

Әbdіkerіmнің он жак бүйіріне кезделген қыргыздың бақан – ашасы дәл тиді. Оны Әbdіkerіm қағып жіберіп, онтайлы сөтті пайдалаңған ол, бақан – ашасын оның кіндік тұсын қадады. Бірақ, қыргыз оңай сыйылыш шықты. Тағы да мәреден бастау алған олар, оргада кездесті. Шарт-шұрт. Қырғыз сайыскері күлік жасап, Әbdіkerіmнің ту сұртынан келді де, бақан – ашасын оның желкесін кигізді. Әbdіkerіm еркін қозгала алмай калды.

Мұны көріп тұрған Әйімбек жерге отыра кетті.

- Бала женілетін болды – ау, делі қасындағы Басарға.  
- Эйеке әлігітің артын бағайық, - деді Басар оны сабырлыққа шақырын.

- Осыдан Әbdіkerіmнің женілгенін көзім корсе, өз көзімді өзім шұқын тастаймын, құлағым естіссе, өз құлағымды өзім кесіп тастаймын – деді де Әйімбек ойынды көргісі келмей көзін тарс жұмып, екі қолымен құлактарын бітеп, отырган жерінде отыра берді.

Қырғыз Әbdіkerіmнің желкесіндегі бақан – ашасын сілки – жұлқып, оның соңынан қалар емес.

Басы төмен иліккен.

- Басар, Әbdіkerіm желкесіндегі сұлігін сұлыды ма? – дег қояды анда – сонда отырган Әйімбек.

Басарда үн жок. Сайыскерлерден коз алмай қарап тұрған халық та үнсіз. Әbdіkerіm желкесіндегі жабықтаған қалай құтылуудың айла – шарғысын ойлан-ақ жүр. Бірақ, қырғыз қырың қаратар емес. Қыр соңынан қадалған күйі шауып келді. Әbdіkerіm айлаға қошті. Аттын басын бос жіберді, еркіндік алған қара каска шабысын үдете түскендей. Қырғыз сонда да қыр соңынан қалар

емес. Тік шауып келді. Әbdіkerіm оқша зулаган атының басын кілт онға бүрганы сол --ак екен, желкесіне киілген бақан – ашаның бір шетін морт сындыра «бостандыққа» шыкты. Біраз жер алға шапты да, атының басын қайта кері бүрып, анадай жерде қолындағы бақанына бір, Әbdіkerіmге бір қарап, өзінс қарсы келе жатқан қыргызға қарай түйіле шанты.

- Әйімбек, тұр орыннац, сұлік сылынды. Әbdіkerіm қыргызға қарай бет алды, - деді Басар отырган Әйімбекті жүлкүлай орынан тұрғызып, дауысы аса қуанышты.

- Түйіле шапқан Әbdіkerіm келген бойда қыргыз сайыскерінің кеуде тұсына бақанын түйреді.

«Шашқ» сткеи дыбыстың соңы, атымен қоса құлаган қыргыздың жан дауысына ұласты...

Әйімбек Әbdіkerіmге қарай тұра жүгірді. Келген күйде атынаи котеріп алып, екі бетінен алма – кезек сүйіп жатыр. Оны Басар, Бексейіт, Жолдығұл, Асылбай, Әлімкүл, Ордабай, Кожайбай, Садық, Батырқүл, Оразқүл, Әмірәлі, Тұтқышбай, Аялберген, Бейсенбай, Момбай, Молдабай және басқалар да келіп құттықтауда. Олардың қастарына жакындаған Керімбай болыс Әbdіkerіmнің қолын екі қолдан алып тұрып:

- «Озіңен де айналайын, сені тұган шішінен де айналайын» - деді.

Әbdіkerіm өзіне берілген бас бәйгеші өлгі қыргыз палуанына байлады. Сонда риза болған болыс, озінің мініп жүрген сәйгүлігін, жабуымен Әbdіkerіmнің алдына көлденең тартты. Біз, осын – ау әнгіменің қызығына батып літтеген жерге жакындал қалғанымызды байқамаппайыз.

- Ол кісі нағыз батыр, палуан болған екен гой – деді ролде отырган Бейсен.

- «Әкеге тартып ұл туар» деген Әмірбек те әкесі Әbdіkerіm секілді жастай атқа құмар болып, мұндаға дейін көкпар тартты гой, - деді Айдарбек коке.

Біз катар тізілген машиналардың қасына келіп токтадык.

- Коке, келдік. Әігіменізің қайтар жолда жалғастырсаныз. Жәнібектің кокиар тартқанын көрейік, - деген Бекен машинаның есігін аша бастады. Біз көпіліп келіпіз, бірақ кокиардың нағыз қызған шағы екен. Мен көкпаршылар ішінен Жәнібекті іздедім. Ол кокиаршылардан шеткерірек шығып атынан түсті де, босанқырап қалған тартпасын қайта тартты. Коніл-күйі котеріңкі емес,

әлдекімге ашулы тәрізді. Жәнібек торы шегір ала аяғына қарғын мінді. Оны ат үстінде баяғының батырына баладым. Әлгінде жолда Айдарбек көкемиен естіген әнгіме есіме тұсті.

Адам атқа мінсе желік пайда болады деген рас – ау.

Жәнібек атына мінгендегі, көкіреті оянып, көнілі осіп түрленіп сала берді. Ол, сол барған күйде додага кірді.

Мен бірге келген достарымнан адасып, екі бейтаныс жігіттердің қасында тұрмын. Жиналған жұртта есеп жок.

- Олардан естігенім: Талас ауданының құрамасымен біздің жігіттер кездесіп жатыр, жеңіс жергілікті жердің көкпарынышында, есеп 4:2.

- Енді ойының аяқталуына 30 минут калды, қызылқиябрліктер осы тойғанымен қайтулары керек кой, - деді қасымдағы бейтаныс жігіттің тапалтқы сарысы.

- Қайдам, торы шегір ала аяқ аттагы, әне бір жас жігіт оныңа көне қоймас, кор де тұр, - деді екіншісі.

Олар осының айтып ауыздарын жиганиша, Жәнібек мәреге көкпарды тоң еткізді.

- Жарайсын, Жәнібек! – деген менің оң жақ тұсынан Жұмаиниң дауысы естілді, бірақ өзі ел арасынан көрінбейді.

Әлгі екінші жігіт қасындағысына:

- Мен саған айттым гой, шегір мінгеп шертіп кетіссе болды, - деді.

- Кел, пәске, бір қой. Таластықтар талана қоймас, шегіріне шеге ұрап өлі, - деп тапалтқы сары қызбалана сойледі.

Екеуі қол алысты. Ойының аяқталуына 20 минут бар,

Әне, додадан Жәнібек шықты, тақымында кокпар, екі жағынан таластықтар қыспаққа алып келеді, оны мәреге жақыннатар емес. Жәнібек күлыққа салды. Шауып келе жатып кілт токтағанда жармасқан көкпаршылар аттарын токтата алмастан, ілгері қарай шауып отс шыкты. Жәнібек қайрылып алып мәреге қарай тұра шауып келеді.

Міне, серке серейіп тағы да мәреде жатты. Есеп 4:4.

Осы тұста Жәнібек мінгендегі торы шегір ала аяқ ат, жұрт алдында тағы бір өнерін паши етті. Аяктарын бірде алға, бірде артқа, жамбасын екі жағына кезек-кезек лактырып тербетіле бастады. Құлды биши дерсін, неткен кереметтік, неткен ғажап! Жәнібек ат үстінде шайқалып отыр. Ат та билейді екен – ау деген ойга қалдым. Қасымдағы екі жігіт те ауыздарын анып қалыпты.

Ойының аяқталуына бес минут уақыт қалды.

Міне, кекпар тағы да Жәнібектің тақымында, шауып келеді. Қасымдағыларға қарадым, әлгі тапалтқы сары орында жок, жеңілестінің сезген – ау, сірә. Тайып тұрыпты. Жәнібек біздің алдымыздан зулап откен күйі мәреге көкпарды таставды. Жеңіс бізде.

Ол мінген торы шегір ала аяқ тағы да тенселип – тербетіле, шайқалып – шайқақтай бастады. Ой, құдірет – ай! Неткен сұлулық, неткен ғажап десеңізші. Жұрт тацырқай қарап қалған. Біз риза көнілмен ауылға бет алыш келеміз.

- Көкс, әнгімсізді жалғастырсаңыз – деді Билікодін тұсына келгенде Борібек.

- Жарайды, айтайни. Айдарбек көке әнгімсін қайта жалгады: - Әбдікерім ата туралы әнгімсің бәрі анызға бергісіз. Бұл шының. Соның бір дәлелі, тірі куәсі жанағы Жәнібек емес п? Атамыз асылымыз болса, Жәнібекіміз соның сынығы емес п?

- Әбдікерім ата патина заманындағы согыска да, кейінгі соғыска да қатысқан. Атамыз соғыста 1943 жылы Петроградта қайтыс болған.

Жәнібек бір жағы нағашы атасы жанбай, ұзын Керімбай құдаға да үқсаған – ау деймін. Ол кісі де кезіндегі Жетітөбе маңайын шулатқан көкпаршы болса керек. Қазір, нағашысы – шешесінің агасы Жолдыбай Тараз қаласында тұрады. Жәнібекіме анасы жағынан түп нағашының да аруагы қонған шығар. Дүйсенкүл келіннің шешесі ұлты қыргыз, оның ішінде Манас руынац. Келін ең сұт кенжелері екен, анасы 15 баланы дүниеге келтірсе керек, соның 7-еуі ғана тірі қалыпты. Құдайға шүкір, Дүйсенкүл келініміз Жәнібектей ұлды омірге әкелді. Алың анадан деген бар емес п? Айдарбек көкс әнгімсін тағы аяқтай алмады. Өйткені біз ауылға жеткен едік.

#### IV

Жәнібектің ауруханадан шығып келгеніне бір ай. Соқыр ішек болып операция жасатты. Корші ауылда бір кісі әкесіне ас беріп, бәйге шантырып, аударыспак, кокпар болады екен, дегенді кеше көрші агасы Ерболдан естіген. Содан бері Жәнібекте маза жок.

- Әттең, атқа мінуге әлі жарамаймын – ау, әйтпесе, - дей ойланып тұрғанда, қасына Қатай мен Мұхит келіп:

- Жұр, тамашалаң қайтамыз, - деді.

Жәнібек біраз ойланып тұрды да:

- Қазір, сендер ауыл сыртындағы копірдің қасында күтіндер, мен үйге кіріп шығайын, - деп ол жан-жағына жалтақтай қарап үйіне кірді.

Әлден үқытты қолында қол қалтага салған заты бар, асығыс басып Жәнібек келді. Олар кездескен көлікпен көрші ауылга жеткенде, қызық енді басталғалы жатыр екен.

- Аударыспакқа шығамын дегендер болса, келін жазылсын, - деген хабарлаушының дауысы Жәнібектің жай тұргызбады.

- Қатай, мен барын жазылып келейін, - деді ол.

- Ой, Жәнібек, саған болмайды ғой. Операция жасатын келгеннің кешиғана, - деп шыж-быж болған Қатайға:

- Болады, маган мынау көмектеседі, - деп үйінен ала шықкан қол қалтаны оған үстата берді.

- Жәнібек, кой деймін сагаң, - деген Мұхиттың сөзінің соңын күтінген ол тізімге жазылуға кетті.

Тізімдегі екі жігіттің есімдері Болат, Сембек екен, үшінші болын Жәнібек тіркелді.

Жәнібек достарының қасына кайта келгенде олардың жанында ауыл қокпаршылары Серік пен Бауыржан да тұр еді.

- Жәнібек, шықпай-ақ қойсан қайтеді,- деді Бауыржан, оның қолын алғын жатын.

- Баука, «нешінген судан тайынбас» деген, одан да жүріндер, анау қырдың астына барайық, - деді. Олар келін әлгі қол қалтаны ашқанда онысы бағана үйден корсетпей алғып шықкан сейсеп корпекап болып шықты.

- Ал, енді жігіттер осыны жараммың үстінен беліме қатты етіп орап беріндер, саусақ отпесін, - деді де, Жәнібек шешініп, жерге жата кетті.

Ән-сәтте ақ белбеу тағыныш, нағыз палуаниның кейпінде тұрган Жәнібек:

- Жігіттер, енді маған керегі жарау ат. Жана сонау киіз үйдің қасынан Ешметов Бауыржан ағаны көріп едім. Сол кісіге түсіндіріп, атын сұрап әкеліп берсеңдер – деді, ішін қолымен басып-басып койып. Серік Бауыржанды іздеп кетті. Әлден уақытта торы қасқа атты жетектен Серік келді.

- Жәнібек, жолың болады екен, Бәкен сөзге келген жок, - деп аттың тізгінін Жәнібекке үстәтты.

Ол торы қасқаға мініп, көшілікке карай бет алды.

- Эруақ колдасын!

- Жолың болсын! – деген достары, оның сонынан ілесті.

Бұлар келгенде хабарлаушы ортага өрнектік Болат пен Жәнібекті шақырыды. Әскерден кеше келгеи өрнектік жас жігіт, ортада қарсыласын күтіп тұрган Жәнібектің қолынан шап беріп үстай алды. Жуан білеқті Жәнібек оның қолын қағып жіберіп, белбеуінің арасынша саусактарын сұнгітіп жіберді. Ары-бері қозғап еді, ол қалбалактаң құлай жаздағы. Астындағы көк аты қокке тойғанба, артқы екі аяғын кере тұра қалып, қағын шығарып жатыр. Жәнібек осы сәтті күтсө керек, аты тенсініп-тенсініп қалып еді, торы қасқа алға қарай атырылды. Алысуға дәрмені жок өрнектік жігіт, атының үстінен сүйретілген бойда Жәнібектің қолына көкпарша ілінің кете барды. Міне, Жәнібектің екінші қарсыласы сом денелі, жуан білеқті «совхоздың» жігіті Сембек Жәнібекке «қел мүидалан» атын ойнатып ортада тұр. Жәнібек те қаймынғатын жігіттің қатарына еместігін сездіргендей, торы қасқаға камышы басып ортаға қайта шыкты.

Екеуі арпалысып жүр. Сембек онай шағылатын жаңғақ емес сияқты. Бірде оң, бірде сол жағынан шығып, Жәнібектің титығына тиді.

- Әтген, Жәнібек ішінен көркәтап жүр-ау, - деді досы Мұхит.

Неткен құдіретті қүшлиен астасқан айла амал. Оны өзіне қарай жүлкі тартын, кайта кері итеріп жібергенде, Сембек жерде жатты. Мұны көрермен де, Сембек те сезбей қалды.

- Бас бәйге ерназарлық Жәнібекте! Бір кой.

Хабарлаушы осылай деді. Жас та болса жөн – жобаны, жолды білетін Жәнібек бәйгеге берген қойды ат иесі Бауыржанға. Ұсынды. Жәнібек ауылға кешітеп оралды. Ол үйге кіргенде, әкесі қабағы қатулы күйде алдынан шығып:

- Сенің мұның не? Енді атқа мінгейінің алды – арты осы болсын, - деді ашууланыш.

Жәнібек содан бір жылға дейін атқа мінген жок.

## V

1993 жыл. Қыркүйек айының жайма шуак күндерінің бірі.

Жәнібек сыйыптас достары Бақытжан, Талғат, Мұхит төртеге калаға қызырып кеткен. Екі күн болды әлі жоқ. Апасы Мәйкош кешелі бері төсек тартып жатын қалды. Тілден қалған, тамак

іннісіді, сұлк жатыр. Қасына келгендеге бажырая қараң кояды, біреуді іздегендай.

- Жәнібекті іздеп жатыр-ау, - деп ойлады Дүйсенкүл келін. – Қашан келер екен озі, - деген ол орнына тұра бергенде сыртқы есік ашылып, Жәнібек кірді.

- Апама не болды? – деді ол кірген бойда тосеке жаткан әжесін құшақтаған:

- Келдің бе, жарыгым, - деп Мәйкеш апа тілге келді, козінен молт етіп бір тамшы жас домалап түсті. Дүйсенкүллін де көнілі босал кетті.

- Жарыгым, Жәнібегім, менікі кәрілік кой. Мені атан өзіне шақырып жатыр, бармауга лажым жок, кетейін десем – сен жоқсын, кешеден бері сені күтіп жатыр едім – деді де, терен дем алды.

- Енді мені демеп жібер, басымды котерейін, - деді әжесі сөзін жалғастырып. Осы кезде бөлмеге Өмірбек кірді. Екеулеп апаларын ынғайына қараң отыргызы.

Біраз үнсіздіктен кейін:

- Айналайын келіп, абдырамды ашқын. Ішінде бір қалта құрт бар, соны Жәнібекке берші. Кокпарға барғанда шетінен алып, сорып жүрсін, шәлдемесінші шырагым, - деді Мәйкеш апа зорға дем алып. Жәнібек апасын құшақтай алды. Козінде жас, бірақ онысын апасына корсеткісі жок, женімен сұртіп-сұртіп кояды.

Мәйкөш аял өзі жатқан қабат – қабат кориешсінің арасынан ақ шүберекке оралған әлде бір нәрсені қолына алды:

- Өмірбек, мына ақиана Жәнібегім үйлеңгендеге жаратындар, зейнетақымнан жиганым ғой, - деп колындағысын ұлына ұсынды. Бөлмені тағы үнсіздік басты, тек солқ-солқ етіп Жәнібек жылап отыр.

- Келіп, енді мені жуындыр. Ал сен Өмірбек молданы шақырып кел, маган дем салсын – деді де, жастыққа қисая кеткен апа кеудесіне басын қойған Жәнібектің шапынан ніскеді. Өмірбек молданы шақырып келгенише, келіні апасын шомылдырып үлгерді. Молда Мәйкөш анага дем салып болғанин кейін:

- Жәнібегімді шақырышы, - деді келініне.

Жылаганин екі қозі қызыарып, күп болып ісіп кеткен Жәнібек бөлмеге кіргенде, төсекте жатқан апасы оған қолын созды.

- Жарыгым, келиш.

Аиасы мен Жәнібек құшақтаса кетті. Олар ұзак жатты, апасының ыстық алақаны мұздап, Жәнібектің басынан сырғып сылқ етс түсті.

- А-ап-а-а-а! – деген Жәнібектің жаң дауысы шыкты...

## VI

Жәнібектің үжымға жалгер болып жұмысқа кіріскеңіне жеті ай болды. Дулат, Ербол үшеуінің 45 гектар жерге еккен бидайлары бітік осіп тұр. Ерте тұрып жұмысқа кеткен Жәнібек үйге кеш оралды. Есік алдында ак «Волга» тұр. Ішке енгенде, талдың түбіндегі тапианда әке-шешесі, тагы үш кісі қымыз ішіп отыр екен. Орталғы төрде отырган сұңғақ бойлы кісін таныды. Ол Оңгарбек тәтенің бастық агасы Макұлбек, ал қалған екесін шырамытқанымен, есімдерін білмейді.

Оларға «Ассалаумагалайкүм» деп қос қолын ұсынып, сәлем берді.

- Қоитен бері корінбей кеттін ғой, Жәнібек, - деді Макұлбек. Жәнібекте үн жок.

- Келген шаруамды айта отырайын Өмеке – деді, қолындағы қымыздан бір ұртаган Макұлбек.

- Мен Жәнібекті іздеп келдім. Жәнібектей жігіт тоңіректе жок. Ол жанып турған жұлдыз ғой, сол жұлдызды ошірмесуіміз керек, қайта оны жарқыратып көрсетіп, бүкіл казакқа танытуымыз керек. Жәнібектің бағын байламаңыз, - деді ол байсалды қалыпта.

- Кім баласын жаман болсын дейді. Інің кей кезде ұрықсатсыз кокпарға кетіп калатыны бар. Сол әдетін қойса, мен неге барма деймін – деп, Өмірбек Жәнібекке қарады.

Ол кінәлі жандай басын томен қарраты.

- Өмеке, Жәнібек ондай істі балалықпен жасаса керек. Енді, міне азamat болды, теріс қылық жасамайды. Солай емес пе, Жәнібек, - деп Макұлбек Жәнібекке қараң еді. Ол үнсіз басын изеді.

Екі күннен кейін Махан машинасын жіберіп Жәнібекті алдырыды. Жәнібек Макұлбектің Асадағы садағы үйіне келгенде, ол корада түрган екі атты көрсетіп:

- Жәнібек, қалаганыңды мін. Екеуі де бабында, - деді.

Жәнібек кезек-кезек мініп, байқап көрді.

- Нағыз көкпардың аттары екен ғой – деді ол атты орнына байлан жатын.

- Ендеше, күзде Таствебеде үлкен кокпар болады, сонда біріне сен, біріне мен мініп, барып сынап көрейік – деп Махан Жәнібектің арқасынан қакты.

Күз де келді. Макұлбек ауылдан Жәнібекті алдырды.

Әне, екі атты кетіп барады, бірінде Макұлбек, бірінде Жәнібек. Таствебе ауылына бет алған...

## VII

1996 жыл, 6-қыркүйек.

Өмірбек кокенің үйінде бүгін беташар той болады. Жәнібек үйленді. Ауылдың бар адамы осында. Жәнібектің құрдасы Талғат есік алдына тұрып, келгендерге келінлі көрсетіп, көрімдік алыш түр. Ал, Жәнібектің бауырларының куанишында шек жок. «Келінің есімі – Аманқұл, куда Қаратая қаласынан, ойық Құлмахан деген кісі екен», - дейді Дүйсенек сұрагандарға.

- Ал, беташарды бастаймыз.

Келін келсін ортага,

Қалтаны қағып тастанымыз, - деп бет ашатын асаба жігіт копшілікті өзіне қаратты...

Келінің беті ашылып, той түннің біруағына дейін ұласты.

## VIII

1997 жыл, қараша айының 25-жүлдезі. Тал басындағы сарғайған жапырақтар самал жемлең тербеліп жерге түсіп жатыр. Күн салқын. Бірақ халықтың қоңіл-күйі котерінкі. Бүгін ауыл әкімі Ермек Әзімұлы әкесіне бағыштап ас таратпак. Тоғыз атқа бәйге белгіленген, алды «Волга» автомашинасы. Күрес, тенге ілу, аударыспақ, қекпарға берілетін бәйгелер де қомақты. Облыстың түкпір-түкпірінен келген қонақтар ариайы тігілген киіз үйлерге орналастырылып, оларға дәм тартылуда.

«Шағал» акционерлік қоғамының президенті Рәтбек Олжабаев, Ермектің Тараз қаласындағы кәсіпкер інісі Агаділ Әбдиһайымұлы жөне үжым бастығы Жанат Тұрсынбекұлы үшеуі жол шетінде әнгімелесіп түр. Бұларға жирем касқа атқа мінген тұлғалы бір жігіт келіп, аттан түсіп амандасты.

- Агаділ аға, кеше айтқан Жәнібек деген палуанымыз, қокпаршымыз осы жігіт, - деді Жанат оны таныстырып. «Бүгін аударыснаққа шыгуға калайсын» деген Агаділге:

- Қарсылас болса, даярмын, - деп жауап берді Жәнібек.

- Астындағы жирем касқа өзіндікі ме? – деді, бағанадан бері үнсіз тұрган Рәтбек ағасы.

- Жоқ, мына кісінің Жанат ағаның аты, - деп Жәнібек қасында тұрган Жанатқа қарады.

Осы кездे асаба жігіт Төлеген арнайы радиоқабылдағынше:

- Құрметті қонақтар! Ойын ауыл сыртындағы «Жігітбай соресінің» маңында өтеді, - деп хабарлады. Жиналған жұрт ауыл сыртына қарай бет алды. Топ ішінде жирем касқаға мінген Жәнібек те кетіп барады. Міне, әйелдер күресі басталмақ. Ортада 40 жасар келіншік Нұрзипа тұр.

- Қане, 20 жасқа дейін көрін ауылда бапталған, одан кейін ауылда біздін сакталған, Мараттың Нұрзипасымен кім шығады, - деп асаба жігіт өзінің әкынжанды екендігін де білдіріп, палуан келіншектің қасында тұр. Жәнібек пеи Айдар бір жас келіншекті сүйреп ортаға шыгарды.

- Бұл Мұхиттың әйелі, біздің кемпіріміз Гүлбану, - деді олар.

- Жаттықтырган бұл келінді Айдар менен Жәнібек, Жыға берсін Нұрзипаны егер жатса әлі ке!

Ал, бастандар!

Бірінен – бірің қашпаңдар, - деген асабаның өлең сөзіне ел ду құлді. Екі палуан күресті бастағанда кетті. Кәдімгі палуан дерсіз оларды.

- Аяқтан шал!

- Ал, енді лактыр!

- Қап, мышаны – ай...

Көрермендер күйіп – пісіп тұр. Жас келін еңкейген күйі екі қолын алға созып онтайлы сәтті күтіп жүрген тәрізді. Сәті түсті – ау, ақыры Нұрзипаны жамбасқа алыш лактырганы сол – ак екен, ол жерге бұрқ ете түсті.

- Жарайсын, Гүлбану, - деп Жәнібек айқайлады.

Гүлбанумен тағы кім шығады, - деді асаба Толеген.

Ортаға толық денелі әйел шықты. Асаба:

- Айтыңдаршы өтірік пе, рас па?

Мынау біздің Құләш па!

Келінжан – ау жыңғыуң мұны киын ғой,

Салмасын егер құлапика, - дегенде халық тағы ду келді.

Екеуі ариалысын жүр.

- Астында қалып өліп қалар ма екен, - дейді коременін бірі Асқар.

- Мұндайлар қонал келеді, - деді оның қасында тұрган Дауіт.

Толық денелінің қымылы өте баяу, жас келін оның бірде артынан, бірде аллынан шығып үстаратар емес. Егер кольна түссе, онбайтынын сезіп жүр.

Өзін шырын айналған келіншектің қымылынаи дәудін басы айналды, жер қөшіп бара ма, қалай? Осы сәтті пайдалаңған жас келіншек Күләміті нтере салды. Ол шалқалаи барлы да, боренеше жерге бұрк ете құлады.

- Жарайсың, Гүлбану!

Ел арасынан Жәнібек шығып, жас палуан Гүлбанууды котеріп әкетті. Кезек аударыспакқа келгенде, халық тына қалған. «Кім шыгар екен, бас бәйгеге берілетін тайды кім жетектеп кетер екен?» деген оймен тұрғанда, ортага шыққан зор денелі, салмагы 100 килограмм тартатын, шұбар атқа мінген, орта жастагы жігіті коргенде халық іш тартып қалды. Ортага жириен қасқасын мініп, ауыл шабандозы Жәнібек шыққанда, ел шу ете түсті.

- Жәнібек!

- Жәнібек!

Олар айқайласап тұр. Ат үстіндес қол алысқан екеу арналыса кетті. Дәу жігіт дес берер емес. Жәнібектің белбеуінің арасына саусақтарын тықты, кіргізе алмады. Жәнібек оның иығынан тартыш еді, көйлегінің жені қолында кетті. Жәнібектің ойына әкесі айтқан: «Балам, аударыспакта саусағына сенін, саусақтарын бүгे үстаған, саусақтарын қарсыласының белбеуінің арасына салып, жұлқи тартқанда, өрдайым женіске жетіп жүрген» деген сөзі есіне түсті. Эке сөзін ойға түйіп, қарсыласына түйілө шашқан Жәнібек келген бойда оның белбеуінің арасына саусақтарын сұнгітіл үлгерді, ол сол күйі еш аялдамастан дәуді ат үстінен сүйрей жөнелді. Қарсыласы бір аяғы үзенгідең шықпай біраз жер сүйретілін барды да жерге домалап түсті.

Жәнібек екінші қарсыласын бір минүтқа жеткізбей, ат үстінен аударып түсірді.

- Жеңіс Жәнібекте; Жәнібекте!

Болмас, сірә, ешкімде, ешбір өкпе.

Көтерейік ағайын, көтерейік,

Жәнібектей жігітті біздер көкке,- дей асаба жігіт өлеңдете бастады.

Жәнібек тайды жетектеп ортадан шықты. Жиналған жүрт риза болып қол шапалактап:

- Жарайсың, Жәнібек! – дей тәніректі жаңғыртып жіберді.

Отыз шақырымға жіберілген 28 ат мәреке жеткенше, ерлер арасындағы құресті тамашалагандар өрнектік жас палуан Саматтың бәйгеге берілген оғіздің егесі атапаны коріп риза болысты.

Бәйгеде жуалылық торы қаска ат бірінші болып мәре сзығынан өтіп, «Волга» автомашинасын иеленді.

Кезек көкпарға келді.

Ауыл көкпаршыларымен келген контактар болып екіге бөлініп кас қарайғанша тартылған көкпар ойыны көп қоцілінен шыққандай. Жәнібек Жанааттың жириен қасқасын ойнатып, ойыниң нағыз шебері атанды. Ол салған «бес салым» ауыл көкпаршыларына женис әкелді.

- Нағыз жігіт екен – деді, риза болған Ағаділ. Жәнібекке жәрдемдесу керек екен, деп ойлады. Осы ойын Рәтбекке айттын еді, карсы болмады.

Жәнібек бүтінгі женісін осыдан бір ай бұрын дүниеге келген ұлы Серғазының құрметтіне ариады. Сол күні Өмірбектің үйінде жарық түн ортасына дейін сөнген жок.

## IX

Өмірбектің отбасы кешкілік астарын енді гана алдарына алған сәт болатын. Даладан есік алдына токтаған жеңіл машинаның дауысы естілді. Әзім атасың ұлы Жәншан екен.

- Мені сіздерге Ағаділ жіберді, өзі жұмыстан босай алмады. Жәнібектің өнеріне тәті болса керек, егер әке-шешесі рұқсат берсе, Жәнібекті ертін кел, сойлесейін деді, - деп Жәншан Жәнібекке қарады. Коп тындан, аз сойлейтін Өмекен біраз ойланып отырды да, кемпіріне көз тастды. Мұнысын сен не дейсін дегені еді.

- Ағаділдей ағасы шақырса не шара, шақырганға бармасаң – шақырганға зар боларсың деген сөз бар гой, шал, - деді Дүйсенкул жеңгей шай құйып отырЫп.

- Онда, барсын, - деді әкесі.

Жәнібек куанып кетті. Ағаділ ағасы туралы камқоршыл, қарапайым кісі деп талай естігей. Олар қалаға кіргенде, қас

карайып, төнірек кара тонын кие бастаған еді. Әйтсе де көшелерде жаркырай жаңған шам кетіп бара жатқан адамдарды анық көрсетіп тұрды. Бұлар Агаділдің үйіне келгенде, ішкі болмеде үш кісі отыр екен.

- Кел, кел, інім, - деген. Ағаділ орынан тұрып, Жәнібекке қастарынан орын ұсынды.

- Жәнібек, мына ағаларынды танитын шығарсын? – деді Агаділ.

- Рәтбек ағаны танимын ғой, ал, мына кісіні өткендес қокпарда коргенім бар – деді Жәнібек.

- Бұл кісі облыстық «Әулиеата» қекиарышылар командасының басшысы Нәби Момышов деген ағаң болады – деп Агаділ оң жағында отырған денелі кісіні көрсетti.

- Жәнібек, жасындаған жарқылдаған қекиарышыға ауылдан үзап шықынан, басына қонған бақыт күсын ұшырумен бірдей – деген Агаділдің сөзін үзгеп Нәби:

- Жәнібек, сени «Әулиеатаның» жігіттері жақсы танып алыпты, бүгіншін бастап команда мүшсілігінә қабылданым дей бер – деді ол, Жәнібектің қолын алып.

- Құтты болсын, інім. Енді саған керегі мықты ат қой, ол табылады. Үйімде «Ботбай кок» жөне «Ақ танау» аты екі сәйгүлік байлаулы тұр. Соның қалаганын мін, егер ексүн де мінемін десен, оған да қарсылығым жок – деді, Рәтбек риза көнілмесін.

Мұндау сый – сияпatty кормеген Жәнібек бір қызырын, бір бозарды.

- Жә, Жәнібек, кысылма. Ер жігітке ұялыш-кысылу жараспас. Ағаларың құрмет көрсетіп жатса онда саған риза болғаны. Сенің ептілігің мен күштілігіне, бойынан тасыған қуат – қайратына өз басым тәнті болдым. Тәнті болдым да, бұрыннан бері бұл Жәнібекті неге кормегемін, неге байкамай, естімей жүргенмін деп таң қалдым, – деген Агаділ, отырған орынан тұрып, терезенің жактауында тұрган кобдишадан кілт алып, орнына келіп отырды да:

- Айтпакшы, Жәнібек, ұлыңың бауы берік болсын! – деді Агаділ біраз үнсіздіктен сон.

- Рахмет, аға! – деді Жәнібек күлімсірец.
- Атын кім деп қойдыңдар?
- Серғазы!
- Қалай, қекиаршыларға ұқсайды ма өзі?

- Білмеймін, - деді Жәнібек езу тартып.  
- Жәнібек, енді сен тек қана ауыл қекиаршысы емес, аудан, облыс намысын корғайтын қекиаршылардың сапына кірдін, мінуге Рекең аттарын беріп отыр. Енді сенін уақыттан ұтылмауың керек. Сол үшін саған ауыл мен кала аралығында катынайтын колік қажет. Ендеше, оған да мүмкіндік бар сияқты, Гараждада тұрган мсінің темір тұлпарымды мінші, қалагаң жұмыссыңа жеге бер. Серғазыңды мінгізін, қыдыртарсың, – деген Агаділ көлниңдагы кілтті Жәнібекке ұсынып жатып:

- Міне, мына кілт сол темір тұлпардың кампнысы, - деді.
- Рахмет, аға! Жәнібектің жүрегі лұпайледеп кетті. Осы кезде болмеге Жәшан кірген еді.
- Жәшан, Жәнібекке гаражды анып «Волганы» берші, - деді Агаділ.

Жәнібек ағаларымен хош айтысын, Жәшанга ілесіп есіктен шыға берді...

## X

1998 жыл, 9-мамыр.

Бұғынғі күн өзгеشه бір арайлы. Қоپтін тілегін тәнірім де бергендей. Мерекелік көңіл ауаныңдағы Тараз таны исткен әдемі.

Ертеменен соғыс және еңбек ардагерлері, облыс басшылары Әулиеатадан соғысқа аттанып, қайтпай қалған боздақтар ескерткіштеріне ғул қойып, тағым стті. Мерекенің соп-салтанаты «Достық» алаңынан бастау алдып, «Жеңіс» саябағында жалғасты.

Түстен кейін халық әуежай маңындағы ипподромға жиналды. Ат спортынан жарыс отпек. Емисектегі баладан, еңкейген картқа дейін жұздерінде куаныш ойнап, аса бір бақытты сәттерді бастаң откеріп тұрганы байқалады.

Жарысты алдымен тенге ілупшілер бастады. Бұл ежелден желі тартып келе жатқан жарыс түрі. Жігіттің ат үстіндегі тенгени іліп алуға іріктеліп шыққан торт жігіттің ішінде Нұрлдаулст Момышов айрықша көзге тұсті. Ол торт орамалды іліп әкетіп, ептілік көрсетті. Кезек аударыспакқа келді. Ат үстіндегі білек күші мен тақым мықтылығын сынайтын шак тұрды. Алдын ала іріктеуден соң аударыспактың шешуші ойыныңа байзактық Бакыт Ибаділдаев пен біздің Жәнібек шыкты.

Бірі деңелі, екіншісі тарамыс жігіттің қайсысы жеңер екен деген сауалдар көпшіліктің қекейінде тұрган еді. Ә, дегенинен

Бақыт Жәнібек мінгесі «Ак танаудың» тізгініне жармасып, оны сыпырыш алмақып болды. Бірақ, оған көнетін Жәнібек кайда, жасында жарқырап шыға келді.

Міне, Жәнібектің күші асып, Бақытты аттаң аударып түсірді.

- Бәрекелді!

Ол ортадан шыққанда ағалары Рәтбек, Макұлбек, Ағаділ, Жұмасейіт төртеуі оны аттаң көтеріп алыш, аспана қалықтатты. Жәнібектің көзінің көкке жеткендей. Ағаларының алаканында тербеліліп тұрса, мұнан артық бақыт бар ма?!

Жәнібек ағаларының конілінен шыққанына қуанды.

## XI

Женіс мерекесіне орай откізілген жарыстан кейін, 21-25 тамыз аралығында Астанада отетін республикалық жарысқа жолдама алған Жәнібек даярлыққа көшті. «Бару керек, жену керек! Жәнібектің ойга түйгегін осы. Кеңе, сеңбі құні, откен ауылдағы көкпарда сүрінген астындағы аргымасы екі аяғын шауып, құн болып ісіп кетті. Жетектегі жаңуар уйге аксандаң өзөр жетті.

«Әне, аяқтарын кезек-кезек көтеріп, зорға тұрғандай, сірә, жаңуардың жаңы киналып тұр-ау. Енді не істесем екен? Астанаға алыш баратын ат кімде бар?» - деп ойлаған Жәнібек күйзеліске түсті. Құндіз-тұні ойланатыны ат. Ұйқы шала, тамаққа еш тәбеті жок. Астанаға баратын құн де жақындаи кследі. Қорада тұрған атының аяғын қайта-қайта сипалап қояды, оған осылай етсе жазылып кетегін сияқты болып көрінеді. Ауылдағы мал дәрігерлері Ануар, Әділхан, Алтынбек көкелерін ертіп келіп көрсеткенде, олар: «Аяқтары жазылатыны жазылады-ау, бірақ үлкен додага жарамайды гой, Жәнібек» дегенде, ол катты толқыды.

Келген дәрігер көкелерінің создерінің соңын күтпестен, үйге кіріп жатып алды. Ойга шомды. Есіне Айша бибі ауылдының Қаратау болімшесіндегі көкпаршы Сейтбеков Бақытпен аударыспакқа түскенде, сол Бақыттың астындағы «Ауди» аты қарағер айғырына «ғашық» болғаны «Шіркін – ай, такымымға осы айғыр бір түссе», деп армандағаны түсті.

Осын ау ойдың шырмасына маталып әбден калжырады озі де, коздері де қайта-қайта жұмыла берді, үйкысы келді. Қалғып барады екен. Сырттан үрген иттердің дауысы оның үйкысын бұзды. «Кім болды екен?» Осы ойдың жетегімен далаға шықты,

есік алдында ұжым төрағасы Жанат тұр. Ол Өмірбек көкемен амандастып жатыр. Жана иттер «ботенсіп» үрген екен гой бұл кісіге, - деп Жанатқа келіп амандасты.

- Жәнібек-ау, соңша сары уайымға салынғаның не? Ат табылмайды деймісін, менің жирен қасқамды мін, - деді Жанат.

Жәнібек қуанып кетті.

- Рас айтасыз ба?

- Жирен қасқа сені Астанага алты рет апарып, алыш келуге жарайды, - деді Жанат жайғана жымып.

Есік алдына женіл автоманина келіп токтағандай болды. Тұрғандар еріксіз дарбаза есігіне коз жүгіртті. Иттер тагы да шәуілдеп коя берді. Сыртқы дарбаза есігі ашилышы, ішке Рәтбек аға кіріп келеді, қасында ұлы Айдар бар.

- Арлан, кет! - деп айбат шегіп тұрған иттерді Өмекен жерден таяқ алыш кумакшы болып еді.

- Өмеке, не қыласыз оларды, ит иттігін жасайды гой, қашанда ұру, тұа біткен мамандықтары гой, - деді Рәтбек Өмірбектің қолын алыш жатып, ол кісінің айтқан бұл сөзіне мұндағылардың бәрі ду құллі. Әңгіме ат жайына ауысқанда Рәтбек:

- Жәнібек, ол жағынан қам жеме. Макұлбек екеуміз бәрін реттедік. «Айша бибі» ауылдындағы Сияқұл атаң сендерді Астанаға озі бастаң бармак, қасына торт ұлы еріп барады. Сол атаң саған сәлем айтты, «Лудиді» мінсін деп.

- Рахмет, тәте – деген Жәнібек қасында тұрған Жанатқа жалт қарады. Екеуі жанаға жирен қасқаны мінбек болып келісіп еді гой. Ал, мына кісі...

Жәнібектің ойындағысын айтпақ болып еді, одан бұрын адаминың ішіндеғісін айтпай үфатын Рәтбек:

- Сияқұл ақсақалдың айтқаны, жол алыс, барлық атты сақырлатып апарғанша «Аудиді» ғана анарайық, озі де нағыз аударыспак үшін жаратылған жаңуар леді, - деп Рәтбек өзінің асығыстығын айттып, баласы скеуі үйден шығып кетті.

Екі қүннен кейін Жәнібек Айшабибі ауылдана жол тартты. Ойында Аудидің мінезін алу, оған бойын үйрету. Ол Сияқұл ақсақалдың үйінде келгенде, кария үйінде екен. Қасында Онғар ағасының құдасы Эбдібек отыр. Сияқұл карт Жәнібекті бірден тани кетті.

- Кел, кел, балам, жоғары шық, - деді.

Жәнібек келген бүйімтайын айтканы сол екен, орнынан атып тұрды да:

- Сеңдей жігітке «Ауди» емес, «Ту -154» ұшагын мінгізсе де жарасады, жүр деді де, ол сыртқа бетtedі. Сонынан Жәнібек ілесі. Олар кора қасына келіп токтағанда:

- Міне, мына қораның ішінде «Ауди» байлаулы тұр. Мінемін десен міне бер.

Жәнібек «Аудиге» ер салып, кешке дейін оның үстінен түскен жок. Қас қарай ауылға қайтты. Сол күні түнделетін үрге Жанат келген.

- Жәнібек, ертең жүреді екенсіндер, даярлық қала? – деді Жанат.

- Екі күннен кейін дең еді ғой, – деді ол.

- Рәтбек аға телефонмен жаңа хабарласты. Ноездың журу кестесі солай болса керек.

- Даңырық жаман емес. «Ауди» зырлан тұр, тек каражат жағынан қысылып тұрғаным болмаса, – деді Жәнібек.

- О-о, ол жағынан қам жеме. Рәтбек көкен бәріп реттең қойды. Поезден барып-қайтуыңа, Астанадағы қонақ үйлердің бірінен саған ариайы заказ беріпті. Тіпті, сондағы мейрамханаңдан тегін тاماқ ішүіңде жағдай жасап қойыпты, – деді Жанат.

Жәнібек қуаныш кетті.

## XII

Астана.

Арқаның самал желі жігіттердің бетінен өбін, тотыдайын тараңған сұлу да жас Астана келген қонактарға саф ауасын тарту етіп тұрғандай.

Ипподромга халық көп жиналышты. Жамбыл облысынан атаулы жарысқа екі жігіт келді. Бірі 80-килограммға дейінгі тартыска түстін Жуалы ауданының өкілі Нұрабай және 80 – килограммнан жогары салмақта сыйна түсетін біздің Жәнібек. Жәнібектің алғашқы қарсыласы Батыс Қазақстан облысының өкілі. Бұл ойын небәрі екі минутке созылды. Женіске Жәнібек жетті. Екінші күнгі скінші қарсыласы Семейлік сымбатты жігіт Саматбектің де Жәнібектің жойқын күшіне төтеп бере алмай, ортадан атын жетектеп шығуына мәжбүр болды. Соңғы түйенін жүргі ауыр екендігін Жәнібек шешуші айқаста сезді. Оның ендігі

карсыласы жергілікті жердің спортишысы еді. Салмагы 110 килограмм, ал Жәнібектің салмағы 87 килограмм гана.

Ел назары екеуіне ауған. «Дончак» тұқымдастар жуан аттағы алып деңелі жігіттің кимылы баяу дегенмен, дес берер емес. Көбіне сол қолын қарби жұмсаң, ұстаган жеріне тас кенеше жабыспак. Оның осы бір әрекетінен мұның «солақай» екендігін сезген Жәнібек, оның он жақ тұсынан шығып «шиабуыл» жасау керек деп ойлады. Оның бұл ойы іске асты. Оңтайлы сәтті мұлт жібермеғен Жәнібек, он саусагын белбеуінің арасына кіргізіп жүлкі тартқанда, алып тұлғалы астаналық азамат аунап, жерде жатты.

- Ат спорты аударыспактан Қазақстан Республикасының чемпионы, Жамбыл облысының өкілі Жәнібек Әбдікерімов! – деп хабарлаганда, ел шу ете қалды. Жәнібектің тұла бойы шымырлан кетті.

- Еліміздің гимні ойнашып, биік тұғырда тұрган Жәнібекке Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің туризм және спорт комитетінің ариайы Дипломы мен алтын медалін министр К.Кошербаев мырзаның өзі табыс етіп, құттықтады.

Осынау жарыстар түсірілген көріністі сол күні «Қазақстан - I» және «Хабар» телеагенттігінің кешкілік жаңа жаңа қарсыласынан көрген ауылдағы құрдастарды тойды бастап та кестіп еді...

\* \* \*

Тараз қаласы. Вокзал. Жәнібектің Астанадан оралған беті осы. Өне, ол «Аудиді» жетектеп поездан түсіп келеді. Жәнібек аса қуанышты. Достары құшагын гүлге толтырды. Чемпионды қарсы алған елде есеп жок, тіпті іштерінде «Жарайсың!» деп құшақтап, бетінен сүйгендер арасында бұрын өзі танып – білмеген, көрмеген азаматтар да жүр. Рәтбек, Мақұлбек, Жанаттар қаумалаған елден сәнді босаган Жәнібекті көтерген бойы аспанда қалықтатты. Жәнібектің конілі кекке жетті. Іс-санардан үш күннен кейін келген Ағаділ Жәнібектің жеткен жетістігін естіп, қуанып қалды. Жәнібектің атының аяқтап қалғанын, Астанага Сияқұл ақсакалдың «Аудиімен» барғанын Ағаділ кейін білді. Ауылға ариайы келіп, Жәнібекті женісімен құттықтап тұрып:

- Жәнібек, қалаға бір күні маған келши, өзіне лайыкты ат әперейін, – деді Ағаділ ағасы. Арада бірнеше күннен кейін құрдасты Бакытжан екеуі Тараз қаласына Ағаділ ағасына жол тартты. Олар

Агаділдін кенсесіне келгендеге тұс мезгілі еді. Ағаділ өзінде екен. Құшақ жая қарсы алған Агаділ:

- Келдің бе, інім! Көптен бері хабарласпай кеттің, - деді оған.
- Тәте, жұмыс көп болды, - деп жауап берді Жәнібек.

Агаділ өлдекімдерге телефон үшінде.

- Қамықша, Жәнібек. Қазір бөрі орнына келсі.

Олар ауыздарын ашып-жұмғанша, болмеге екі жас жігіт кіріп келді. Бұлар осы қаладагы кәсіпкер жігіттер – Жұмасейіт пен Әбілсейіт еді.

- Жігіттер, Жәнібектің аты аяқтан қалыпты ал Жәнібектей жігіттің тұлпарсыз жүруі бізге сын. Ақысы қаша болса да мен төлеймін, бір жақсы ат табу ерек – деп Ағаділ Әбілсейітке қарады. Біраз үнсіздіктен кейін:

- Жәнібекке лайықты ат бұл тоғи्रеке жок, тек Қыргызстанның Талас облысы, Ленинжол ауылында тұратын Шотқал деген қырғыз жігітіндеған бар – деді, Әбілсейіт.

- Онда не отырыс, Жұмасейіттің темір тұлпарына мініп қырғыз еліне жол тарту керсек, - деді Ағаділ.

- Олай болса кеттік.

Отыргаңдар орындарынан дүре көтеріліп, сыртқа беттеді.

Машинаға Әбілсейіт, Жәнібек, Бақытжан отырды, рульде Жұмасейіттің өзі.

- Ал, жігіттер, жолдарын болсын!

Олар қырғыз жеріндегі айтылған ауылға келгендеге тұс ауып қалған еді. Шотқалдың үйін әрең тапты. Ол үйінде скен. Келген жігіттердің шаруасын білген соң, сом темірмен коршалған үлкен кораның ішіне ертіп кірді. Үш ат байлаулы тұр.

- Ал, Жәнібек өзін таңда, - деді Жұмасейіт.

Жәнібек айналып қарап жүр. Ішіндегі торы ат өзгелерінен жақсы көрінгейімсіз, аласалау скен. Ол басын шайқады. Мұнысы жақтырмағаны еді. Жігіттер үнсіз қорадан шыға бергенде кораның тағы бір елеусіз бұрынның кісінеген жылқының дауысы естілді. Олар артқа жалт қарады.

- Тұыскан ана жақта тұрған атынды корсетиш? – деді бірден Әбілсейіт.

- Ол сатылмайды, - деді қырғыз жігіті, шыж-быж болын.

- Сонда да коруге бола ма? – деді Жәнібек, Шотқалдың қасына жақындал.

- Көрсөндер, коріндер...

Шотқал өз ісіне үқыпты, сак жігіт екен.

Сыртқы кораның темірмен коршалып тұрғаны мынау, ал. мына жеке тұрған «қарагер донен» де темірмен коршалып, аяғы кісіндеуіл тұр.

Корадагы дөненіді алыстан таныған Жәнібек:

- Менің ойымдагы осы, - деді.
- Тұыскан, сат бізге.
- Ж – жок, болмайды.
- Ердің құны емес, қания десен де төлсейміз, - деп Әбілсейіт Шотқалды құшқақтады. Ол консер емес.

- Тұыскан, сен бізді түсіп, Алатау асып мұнда бекер келді дейсің бе? Мына жігіт республикаға танымал жігіт, лайықты аты жок. Ал, ол сенің осы «қарагерінді» қалап тұр. Сат бізге! – деді Жұмасейіт Шотқалдың он жақ тұсына келіп.

Шотқал қорадағы дөненіне бір, Жәнібекке бір қарал тұрды да:

- Әкем Ош қаласына кеткен, бүгін-ертең келмейді, сол кісі келсін, ақылдастып коремін, - деді қырғыз жігіті.

Жәнібектер елге қайты...

Үш күннен кейін жігіттер тағы келді, әкесі келмепті. Шотқал откендері созіп кайталады. Араға бір жұма салып жігіттер қырғыз жеріне тағы сапар шекті. Машинамен есік алдына келіп тоқтағанда, үйінен бір ақсақал шықты.

- Жігіттер, жолымыз болатын сиякты, - деп Бақытжан жымың етті, әлгі қартты көріп.

Амандық -- саулықтан соң Әбілсейіт:

- Ата, ат ізделп келіп едік, - деді.
- Білем, білем, балам айтты, - деді қарт кісі.
- Не дейсіз, біз сатып алуға даярмыз, - деп Әбілсейіт Шотқалға қарады.

Шотқалда үн жок, бар билік әкесінде.

- Жігіттер, бұл дөненіді сатқым жок, бірақ кеңже қызым тұрмысқа шығып, қаражаттың керек болып тұрғаны да рас, келіссендер бағасы 2000 АҚШ доллары деп тұрмын, - деді Шотқалдың әкесі.

Ата, біз саудаласпаймыз, дегенініз болсын, - деп Әбілсейіт ақсақалдың айтқаның алаканына салды.

Куанып кеткен Жәнібек Әблесейітті құшқатап, шалдың қолын алып жатыр.

- Рахмст, ата! - деді Жәнібек.
- Жігіттер, ендігі мөселе атты алып кету, - деп Әблесейт қойнынан үллы телефонды қолына алып Агаділмен хабарласпақшы еді.

Әбеке, көрші үйдін жігіті бүгін Ташкентке «КамАЗ-бен» барады, Жамбыл жолында гой, мүмкін сөйлесіп көрсөндер ала кетер, - деді Шотқал.

Олар әлгі қорші жігітпен сөйлесіп еді:

- Мен көтермеймін гой, босын әрі жолым, кірепұлын төлесендер болғаны - деді.

Жәнібектердің жолы болды. Ымырт түспей Таразға жетті. Қарагерді Агаділдің үйіне түсірлі. Доненді алғаш көрген Агаділ:

- Мынау деген тұлпардың төресі гой, жылқының да хас сұлуы болады екен-ау - деп ол қарагерді айналып қорші жүр.
- Жарайсыңдар жігіттер, бұл деген жылқы емес, түйекүс кой, - деді Агаділ дөненді сыйпалан тұрын.
- Аға, тауып айттыныз - ау, шындығында бұл доненді «Түйекүс» деп атасақ қайтеді, - деді Жәнібек.
- Несі бар, жарасын - ак тұр. Түйекүс дессі - «Түйекүс» болсын. Ерік озінде, тұлпар сенікі ғой - деді Агаділ.

Жәнібек ергесіне «Түйекүсіна» мініп, жемсін жарыса ауылға жетті.

### XIII

Жана жылдың алғашқы күні Жәнібек үшін сәтті басталды. З - қаңтар оның мәңгі есінде қалмақ. Ол өртениң бастап кала ішіндегі дәріханаларға дәрі-дәрмек жеткізуши әрі жүргізуши болып жұмысқа кіріспек. Кеше перзентханаға жаткан келіншегі Аманкул бүгін тенертеңгісін босанып, омірге үл әкелді.

Ауылға әке-шешесі мен досы Бақытжан екеуінен сүйінші сұрап келіп тұргандары осы.

- Көке, жеңеше! Сүйінші!

Сергазы балаларынызға серік тауып келдік, - деді Жәнібек.

- Аманкул келіндерініз қопқардай үл танты, - деп жатыр қашанда қалжын сөзді араластыра сөйлейтін Бақытжан.

- Шал-ау, естімісін, келін босанып үл тауыпты, - дейді мыналар, деген Дүйсенекүл женгей үйге жана кірген Өмекененең өзінше ол да сүйінші сұраған сынайлы.

- Бәрекелді! Дастархан жай балаларға, өздерінің де ары - бері жүгіріп қарындары ашиқан да шығар, - деді Өмірбек.

Жадалық жерде жатқан ба, ауылдастары естіп, «бауы берік болсын» - десін келіп жатыр.

Есімін Еділбай деп койды атасы жана туган кішкентайына.

Күндер өтіп жатыр...

Сергазы сері жігіт болып өсіп келеді, тілі тәтті сондай, оны Еділбай бесікте жатыр, пыс-пыс етеді.

\* \* \*

Бүгін кешке үйге сыйлы қонақтар согым басына келмек.

Жәнібектің жақсы көрестін агалары мен жеңгелері түгел келді.

Төрде ағасы Агаділ отыр.

- Көке, жеңеше!

Біріншіден согымдарыныз шүйгін болсын! Екіншіден Еділбайызыздың бауы берік болсын! Менің және отбасымның көрімдігі деп кабыл алышыздар. Міне, мынау 10-шы мөлтек ауданынан төрт бөлмелі үйдің кілті, - деп Агаділ қалтасынан кілт алып, Өмекене ұсынды.

- Рахмет інім, Жәнібекке жасаган жақсылығың Құдайдан қайтсын! - деген Өмірбек кокенің көзілі босап қалды.

Арадағы үнісіздікті Агаділ қайта жалған:

- Жәнібек, шынынды айтты, өзің болсан Республикаға танымал қокпаршысың, палуансың, ал, мына отырған үш інісін қайсысы атқа құмар, қайсысы сенің жолынды қуады деп ойлайсың, - деді.

Шеткерірек отырған Жәнібек қасында отырған үш інісіне қарап отырды да ортада отырған Қазыбектің иығынаң ұстап:

- Қазыбек, - деді.

Шындығында Қазыбектің деңе бітімі де, жүріс - тұрысы да, мінез-құлқы да Жәнібекке үқасас еді.

Келген қонақтар риза болып тарқасты.

\* \* \*

Құлімсіреп күз айы да келді. Жәнібектер еншісін алып қалаға, ол ағасы сыйға тартқан үйге көшті.

Алаңсыз өмір кешетін ауыл тірлігіне үйренген Жәнібек, у - шуы көп кала тұрмысына көндіге алмай жүр. Жылдың соңғы айы

болжанымен, жерде қар жоқ, бірақ күн сұық. Алған айлық табысын откінде жишелесіне апарып берген, ал бүгінгі жалақысын алғып «Волгасымен» көк базарга келді. Ойында үйіне азық-түлік, балаларына ойыншық алу. Кокбазар маны ығы-жығы халық. Базарға кіре беріс үлкен қақпаның алдында торт-бес адам қайырсадақа сұрап отыр. Оларға Жәнібек аса мән берген жоқ, көз киығын салғанда екі сыған әйелі мен орыс шалыны жеңе жүзін төмөн каратып отырган ак жаулыкты әжені көрді. Жәнібектін жүргегіне әлде біреу біз сұғын алғандай «шым» ете қалды, көз алдына Мәйкош анасы елестеді. Соңда да елең қылмай үш-торт кадам алға басып, арт жағына жалт карағанда, әлгі әже Жәнібектен көз алмай қараған, кадалып отыр екен. Жәнібек не ары, не бері жүррерін білмей, бір орнында қалшииды да қалды. Жәнібек озін әлде бір құдіретті құш көтеріп әженің алдына әкелгендей сезінді. Әжениң көзіне көзі түскенде, мүцилік көзден жас нарлап ағып, мениң күткараға, деген жалынып тұргандай еді.

- Апа, тұрыныз, орынцыздай, - деді Жәнібек.

Әжеде ун жоқ, орынан тұрып, Жәнібектін сонынан ілби басып, машинаға келіп жайғасты.

- Апа, үйіңіз қайда? Балаларыңыз бар ма, неге қайыр сұрап отырсыз? - деді Жәнібек, рулығе келіп жайғасып болған соң.

Екі көзіне ерік берген мүцилік солқ-солқ етіп, ентігін баса алар емес. Әлден уақыттан кейін тілге келген ол:

- Қарағым, үйім де бар, ұлым да бар, бірақ Құдайдағы осының сұрапының ба? Қолымды қөссеу, шашымды сыйырғы етіп, алақан жайып өмір сүргенімс өзім де риза емесспін. Бұдан горі Құдай мені алғанда болатын еді, - деген әже қайта енкілдей бастады.

- Апа, жыламаңыз. Неге соңша түнілесіз, балаңыз бар емес не, - деді Жәнібек.

- Ондай баланы Құдай бүгін де алсын, ертең де алсын. Ол мені аракқа айырбастаған азғын. Менің бар зейнет ақымды аракқа жұмсағ, үйде ішіп-жейтін үнем қалмады. Мұндай албастыға әйел тұрган ба, екі немеремді алғып, келінім өткен жылы торкініне кетіп қалған, - деген әже терсің дем алды. Жәнібек біраз ойланып отырды да:

- Апа, мекен-жайыңыз қайда, жеткізіп салайын әрі жолжөнекей азық-түлік әперейін, - деді. Жәнібек жол-жонекей бір қап үн жеңе шай, қант, май, аяғына кебіс – мәсі әперіп, айтқан жерге келді. Құрделі жөндеу жүргізбесе, мін-міне құлагалы тұрган ескі үйдің касына келіп тоқтаганда, үйге кіре беріс дарбаза есігінің алдында серейіп біреудің жатқанын көрді:

- Балаңыз ба?

- Иә, тағы да мас, күнде осы.

Әже көзіне жас алды.

- Балам, қанша дегенмен ішімнен шықкан шұбар жылан гой, мына итті үйге кіргізіп, - беріш деңі жалынышты кейіпте. Жәнібек оны алақанына салып көтергісі келмеді. Ол көтеруге лайық жан емес дең ойлады да, жатқан жерінде желкесінен үстай сүйретіп ауызғы болмеге апарып еденге «кокпарша» тастай салды.

- Жаны бар, кимылайды сүмелек, анасын аракқа айырбастаған айуан, - деген Жәнібек жатқан маскүнемге жиіркене қарап тұрды да тепкісі келді, бірақ әжеден үяды, әжені аяды. Ол сыртқа шығып, әжемен тағы да қоштасып, базарға қайта бет алды. Қалтасында қалған тиын-тебенге әң күрығанда Серғазы мен Еділбайға ойыншық алу керек болды. Өйткені, екеуіне үәде берген. Жәнібек көк базарға қайта келді. Автотұраққа манинасын койып, базар ішіне кіргенде екі үлкен жігіттің бір ауыл баласын ортаға алғып, қалтасын қағып жатқанын көрді. Халық касынан көрсө де, кормегендей отіп жатыр.

- Агадайлар, бар-жоғы қалтамда бес жұз тенге еді. Қарындастым ауруханада жатыр, соған дәрі алатын едім, ақшамды қайтарып берініздерші, - деген дауысын анық естіген Жәнібек, олардың касына жетіп барды. Олардың ту сыртынан келген күйі екі «батыр» жігіттің желкелеріне үстап, тырп еткізбеді.

- Қаңе, алғандарыңызы баланың өзіңс қайтарындар!

Біреу қалтасынан бір уыс ақша алғып балаға ұсынды.

- Енді айынтарың үшін қалталаңыздагы барларынды да мына баланың алақанына тағы салындар! -- деді Жәнібек зілді дауыспен. Екеуі оған көпісі келмей, қипактай бастады.

Желкесінен кыса үстап тұрган Жәнібек екеуінің басын бір - бірімен соғыстырғанда:

- Берейін, берейін - деді бірі жалынып. Қолына тағы да бір уыс ақша түскен бала Жәнібекке рахметін айттып, базардан шыға жөнелді.

- Екеуіңді енді милицияға апарып тапсырайын, - деді Жәнібек, екеуін жүлкылай, мытып-мытып алғанин кейін:

- Агадай, жіберіңізші бізді, енді қайталамаймыз, - деген жатыр екеуі жарыса сойлеп. Жәнібек екеуін де жіберді, аял кетті. Базардан балаларына екі ат ойыншық алғып келгенде алдынан шықкан келіншегі Аманқұлға:

- Енді базарға бармаспын, кызыл алма жемеспін - деген екен біреу, бүгінгі корген «қорлығым» шаршатты мені. Енді базарға өзің барасың, - деді Жәнібек.

Сол күнисен кейін Жәнібек базарга базарлап барған емес, бара калса, машинасынан тұспей отырганы келіншегін күтті.

#### XIV

2000 – жыл. Жаңа ғасыр.

XXI – ғасырдың басталуы Жәнібектің әулеті үшін де ерекше жыл болып басталды. Жана жылдың алғашынын минуттарында омірге келген карадомалактар үшін еліміздің Үкіметі таранынан қолдау тауып қалталы, зиялды азаматтардың үйымдастыруымен әр балаға «жұз мың» тәнгеден сыйакы берілетін болған-ды. Осындаи құрметке Жәнібектің немере агасы Сейсебектің келіншегі Қаламқас дүниеге Сандугаш атты бұлларшынді әкелгені үшін не болды. Жәнібек келіншегі Аманқұл екеуі қаладаи ариайы келіп күттіктан қайтты.

... Көктем келді тағы да. Жер жусаң, сай-саладан сыйлдырлай су ағын, асманда үшқан тырналар қиқу салып, жан-жануар, дүн – луние жаңғырып, жасарып, кайта түлсеп, тіршіліктің оянғанын создіргендес. Кордай онірі тілті құлпырыны кеткен. Бүгін мұнда Отеген батырдың құрметіне ат спортынан жарыс откізілмек. Оган Жәнібекінен бірге ауылдағы інісі әрі шәкірті Нұрман Бұркітбаев та қатысап. Нұрман да талай жарыста топ жарың жүрген жігіт. Міне, ортада меркелік спортыны жігіт пеи біздің Нұрман. Оның астындағы кок аты әбден кокпарға машықтаған ба басының кайтуы оте жеңіл. Аударыснекта осындаи ат керек-ак. Меркелік жігіт те «мен» деген жігіт екен, онайлықиен берілер емес. Ариалысын жүр... Тореңі ыскырып ойынды тоқтатты. Себебі, осы кездे біздің Нұрман Бұркітбаев қарсыласын бүркітише бүрін бүк түсірген еді.

Жарайсың, Нұрман!

Кезек Жәнібектерге келді, ойын басталар алдында жүргізуші – асаба Жәнібекті «Қазақстан Республикасының чемпионы» - деп таныстырған-ды. Содан ба, елдің назары осы екеуіне ауган. Оның карсыласы жергілікті жердің атақтысы. Қашан да жергілікті жердің адамының еңсессі биік тұратыны даусыз. Ойткені оны қошшілік кошметтеп, рух беріп отырады. Содан ба екен, кара атка мінген кара жігіт ашуға мінген тәрізді Жәнібекті жүлкылаған үстінен жүлкылай түсken. Оған «Түйекұстагы» біздің тарлан тыры етер емес, онтайлы сәтті күттің жүргеңдей. Ақыры келді – ау, сәтті шак.

Кордайдын қара атқа мінген кара жігіті, кара жерде шалқасынан жатты. Орнынан тұрып, басың шайқаіп кояды. Мұнысы қүштінің аты қүніті дегені – ау. Жарыс аяқталып, марарапттау салтанатында біздің қос спортындарымыз – Жәнібек пен Нұрманға «Қазақстаниң спорт шебері» атағы беріліп, ариайы куәлікті облыс басындарының бірі Құлназаров табыс стті. Олар ауылға қуанышпен оралды.

\* \* \*

2001 жыл, акпан айы.

Жәнібек жұмыста жүрген. Облыстық «Әулиеата» көкпарындар командасының басшысы Момышов Нәби ағасы іздел келіпті.

- Жәнібек, жаңа ғана ат спорты федерациясының мәжілісінен шықтым. Саған биыл жүктелетін жұмыс көп. Біріншіден, Түркістанда аударыспактан Республикалық жарыс отеді, чемпиондық атағынды сақтаң қалуың керек. Екіншіден, Бәйдібек бабаның тойына бармасаң, тағы болмайды. Үшіншіден, халқымыздың ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаев атамыздың тойында да бағынды сынауың қажет болып тұр. Төртіншіден, Қырғызстанда көкпардан отетін халықаралық жарыска командамен бірге міндетті тұрде барасын. Бесіншіден, өз ауылындағы ағайындарының алдында жылдық есеп бересін десем де болады. Олай дейтінім, ауылындағы Әбдінайым атандың атындағы мешіттің анылу рәсімінде онер көрсетуің керек, - деді Нәбекен шегелей сөйлем. Жәнібек бәріне де тас-түйін дайын еді.

- Ага, «қызы дайын болса, біз дайын» гой, - деді Жәнібек бастығының қолын алғын тұрып.

Сенім жүгін арқалау, қашан да уәде үдесінен шыгу – Жәнібектің қанына сіңген касиет. Осынау касиет оның астындағы пырағы – карагер аты «Гүйекұсына» да жұғысты сиякты еді. Өйткені, ол осы «Түйекұсына» сенеді, еш жерде үстіндегі иесін абырайсыз қалдырған емес. Сенім бар жерде женис бар. Жарысты Түркістаннан бастаган Жәнібек, жасында жарқырап тағы да «Қазақстан Республикасының чемпионы» атаанды. Иле-шаала тағы да сол Оңтүстік Қазақстан облысында өткен Бәйдібек бабаның тойында бағы жанып, алдына жаңа салмады. Арада айлар өті.

Жәнібек қаладан кеміс келген. Өйткені бүгін Аққол ауылында халқымыздың ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаев атамызды 90-жылдық ас-тойы өтпек. Соған үйдегі «Түйекұс» пен

«Ботпай көкті» жаратпақ. Бірін аударыспақ мінсе, бірін кекпарға салу ойында бар. Құн шыға аттарды ариайы машинаға салған олар касында Бакытжан, Ақкол ауылына бет алды. Бұлар «Шайханадан» асып «Рысбек тобенін» түсінә келген ақ түсті «Волга» озып өтті, алдарына келіп тоқтады.

- Ой, Макұлбек төтем гой, - деді Жәнібек машинаны тани кетіп. Олар да тоқтаи машинадан түсіп, «Волгаға» карай жүрді. Расында, аудан басшысы Макұлбек Байгелдіұлы екен, касында аудан өкімшілігінің қызметкерлері бар. Аманалы ағаны таныды, бұрын ауылда оныңкіті жыл бас экономист болып қызмет істеген.

- Жәнібекжан, жағдайың қалай, - деді Макұлбек аға амандасып болған соң.

- Жаксы, тәте! - леді Жәнібек.

- Сен бүгін тойда ауылдың ғана емес, ауданның да нағызын корғайсың. Саған сенім артын келе жатырмыз, - деген Макұлбек аға Жәнібектің арқасынан қақты.

- Тәте, Рәтбек көкемнің «Ботпай көгі» мен Ағаділ ағаның «Түйекұсы» жерге карата қоймас, - деді Жәнібек. Осы кезде қалжының қашанда қасында жүретін Аманалы:

- Жәнібек, мениң сен аттас ұлым бар екені білесің гой?

- Иә, үлкеніңіз гой.

- Егер сен жеңіске жетпесең үйге барған соң сол Жәнібекті таяқтың астына аламын, - дегендеге түрғандар ду құлді.

- Тәте, мына сөзіңіз күшімсे күш қосқандай, аттасым Жәнібек ініме таяқ емес, шыбын кондырмасын, - деді Жәнібек жымынып.

- Ал, жігіттер, жүрелік ендеше. Жолымыз он болсын! - деген Макұлбек аға «Волгасына» барып отырды. Олар әп-сәтте діттеген жерге жетті. «Ақкол» аймағы тіпті құлнырып кеткен, анадай жерден «Ақкол» көлі жалтырай көрінеді. Қатар-қатар тігілген киіз үйлер, жиналған халықта есеп жоқ. Ауылдың бар адамы осында жүр. Жәнібектер аттарды машинадан түсіріп жатқанда қастарына ағасы Пәтек пен ауылдың атбегі жігіті Қөпбай атапың ұлы Мұхит келді.

- Қашан келдіңіз?

- Біздің де келген бетіміз осы, Жәненің машинасымен он шакты адам келдік, - деді Мұхит.

Облыс әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетов бүгінгі мерекенін шымылдығын анып берген соң, ойын-сауық басталды да кетті. Ән-күй, айтыс, құрес халық көңіліне шығып жатты. Кезек

аударыспакқа келді. Жүргізуші асабаның хабарлауынша аударыспакқа төрт жұп жазылған. Соның бірі – біздін Жәнібек. Ол озінің қарсыласымен екінші кезекте шықпақ. Бірінші жүптың ойындары өте сылбыр өтті, көншіліктің көңілінен шықпағандай, кол шапалақ ұрылмады. Эйтеуір көк аттагы жігіт қарсыласын өрсін жықты – ау. Кезек Жәнібектерге келгенде жүргізуші асаба жігіт:

- Оргага аударыспактан Қазақстаның екі дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасының спорт шебері Жәнібек Әбдікөрімов, - деп хабарлауы мүн екен, халық шу ете түсті. Маңай кол шапалақтың дыбысына көміліп, оның қарсыласының кім екенін ести алмай қалдық.

- Міне, оргада «Түйекұс» мінген Жәнібек түр. Халық кошеметтің астына алған, шапалақ ұруын тоқтатар емес.

Жәнібек ат үстінен құйып қойған корғасын секілі. Оның озге шабандоздардан ерекшелігі атқа қалай мінді, солай ср тоқымының үстінде басын тік үстап, алып төсін айқара анып, ұшатын құстай болып комданып отыратын. Жәнібектің мына отырысын коріп шың қасында отырған бүркітті слестеттім. Міне, казір о коз ушында жүйткіп бара жатқан аңды бүретіндей...

Көпшіліктің ішінен торы қасқа атқа мінген, алып денелі салмағы 110 килограмм тартатын, сом денелі сары жігіт шығып, Жәнібектің қасына келді. Төрешінің белгі бергені мүн екен, екеуі бір-біріне жақындағы түсті. Айқасқа білектері шарт-шұрт етеді. Үркек мінезді жануар екен, қамшы көтерсе басын алыш қашады. Алыш жігіт Жәнібекті үстай алмай әуре. Онайлықпен Жәнібек жан беретін жігітін емес. Жәнібек «Түйекұсының» басын сөл тартқаны сол еді, жануар алдыңғы екі аяғын көкке көтерсеп тепкенде, алыштың атының оң жамбасына дәп тиді, ауырсынды ма, ақсандалап қалды. Мінезді торы қасқа бұдан кейин «Түйекұстың» тепкісінен қорықтыма, оған қарай жақындағай қойды. Үстіндегі егесі қаша тепсініп, қамшыласа да басын жерге тығып, көткеншектей берді.

«Түйекұс» мінген Жәнібек қасына жетіп барып, алышпен алыса түсті. Олардың ат үстінде отырғандары болмаса, екеуі жер үстінде құресіп жүргендей, бір-бірімен белдесіп, сілкілесе бастады. Халық демдерін іштеріне тартып алған, тым-тырыс. Міне, Жәнібектің жуан белегі оны бір рет белінен орап етіп жұлқылағанда, алыш атымен қоса шайқалып өтті. Енді міне, салалы саусактары алыштың иығына қонған. Жәнібек оны төмен қарай баса бастады. Қарсыласының тырл стүге шамасы жоқ. Жәнібектің

саусактары қазык кіргендей эсер етсе керек, ол ирелеңдей бастады. Жәнібек оның иығынаи қүш ала төмен құнырлана басқаның үстіне баса түсken. Астындағы аты салмактын үстіне салмақ қосылып, тұла бойы дір-лір етіп, аяқтары бүгіле бастады, құлап барады...

Фажан. Жәнібек лезде оның үстіндегі егерсінің скі колтығынаи қасыра ұстаған күйі жоғары көтергенде кара қасқа жерге бұрқ сте құлады. Ал, алыш екі аяғымен ауа қармац, Жәнібектің қолында тұрды.

- Жібер деймін,- деді ол. Сірә, үяттың отына өртеніп барады-ау. Жәнібек оның бір жері майыны болмасын дегендей, жерге жайлап қондырды. Осынау керемет көрініске жиналған жұрт қол шашалак ұрып, құрмет көрсетуде. Енді бірі, әлгі алыштың кара аюдай қорбаңдаپ тұра қашқанына құліп жатыр.

- Чемпионның аты чемпион ғой, - деді көрші ауылдың кокпаршысы Әукей аға. Мінбеде түрған конақтар да дән риза. Облыс әкімі Серік Үмбетов кол шапалакташ тұр. Ол кісінің қасында түрған облыс әкімінін орынбасары Кенесбек Демешев.

- Жәнібек нағыз палуан ғой, 1998 жылы Астананың тұсау кесер тойында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көз алдында жекпе-жекке шығып, бас жүлде алғаны бар-ды дегендеге:

- Білем, білем бұл жігітті. Қыргыз еліне барып та өзінің тендересіз сайыскер скенін дәлелден қайтқан еді, - деді облыс әкімі.

Жарыс аяқталып, бас жүлде Жәнібектің қанжығасына байланды. Тұс ауа кезек көкпарға келі. «Түйекұсты» Қатайға (шын аты Фалымжан) берген Жәнібек «Ботпай кокке» мініп, додага кірді. Жәнібектің бойында шаршап – шалдығудың еш белгісі жоқ, қайта ат үстінде қозғалған сайын нұрлана түскеңдей. Астындағы аты «Ботпай көк» те көкпар үшін жаратылғандай, шапқан сайын ширатылып, аяқтарын соза түскеи.

- Эне, екі аттылы қокпарды алыш, мөрсеге қарай бет алыш барады. Екеуі де қарсылас жақтың шабандоздары, олардың қасына тағы біреуі жақындалды. Ол да солардың көкпаршылары. Көк серке ортада шауып бара жатқан кокпаршының тақымында, ал әлгі скейі оның қорғаушылары секілді. Әдеттері өздерінің «Ботпай кокке» қамиши басқан Жәнібек оларды көпке ұзатпай қуын жетіп, сол жақ түсынан келген күйі ұзын қолын қасындағы көкпаршыдан асырып барып, көкпарға салалы саусақтары іліккенде өзіне қарай жұлки тартты. Осынау жойқын күшке төтеп бере алмаган қарсыласы көк

серкені Жәнібекке беруіне тұра келді. Жәнібек кері бұрылып, олардың мәрессіне қарай шапты.

Па, шіркін! «Ботпай көктің» түқ серпісін! Жол-жонекей жармасқандар тастай қатқан тақымнаи кокиарды ала алмастарын біліп, шаш қауын қала берді, қала берді. Міне, көк серке көгалда жатыр. Бұл Жәнібектің бүгінгі қокпардағы үшінші салымы еді. Тойға келген халық бас кейіпкерге айналған Жәнібекке дән риза болды.

- Жігіт деп міне, Жәнібекті айт!
- Шіркін, мен де Жәнібекшіс ат құлагында ойнайтын шабандоз болсам ғой...
- Жігіттің сұлтанды екен!
- Жарайсың, чемпион! Таркасып бара жатқан көшілік осылай десіп барады.

Жәнібек достарының қасында тұрганда Макұлбек аға мен Аманалы аға келді. Аудан басшысы оның қолын алыш, бетінен сүйіп жатыр.

- Жәнібек, жарадың! Жәнібек ішінді таяқтан құтқардың, - деген Аманалы ағанын сөзіне маңайындағылар ду құлді. Біз ауылга қуанышпен оралдық. Енді Жәнібекті алда қокпардан халықаралық жарыс күтіп тұр. Қыргыз елінде отиек.

- Барамын.
- Жәнібектің ойға түйгені осы. Халық Жәнібекке сенелі. Жәнібек астындағы аргымагына сенеді.
- Жолың болсын, Жәнібек!

\* \* \*

«Түйекұстың» тұған жері, Жәнібектің туи нағашысы Қыргыз еліне барып көкпар тартып қайтқан облыстық «Әулиеата» көкпаршылары командасы осынау халықаралық жарыстың жеңімпазы атанды. Оның сапында Жәнібек өнер көрсетіп, коптін көңілінен шықты. Енді міне, тұған жердің түлегі халқының алдында «есеп» бермек. Ағасы Ағаділ Өзбекстаннан арнайы құрылышшыларды алдырып, ауылдың орталығынан үлкен мешіт салдырыды. Бүгін соның анылуу рәсімі.

Осынау рәсімге еліміздің Сенат торағасының орынбасары Өмірбек Байгелдиев, җазушылар Қадірбек Үәлиев, Бактияр Әбілдаев, Газизбек Тәшімбасев, Болат Айымбеков, медицина ғылымдарының докторы Сайлау Тәукеев, белгілі әскери маман, полковник Дүзел Ордабаев, гылым докторы, академик Әзімхан

Сатыбалдин, танымал экономист Жаркын Молдабаев, инженер Амангелді Тоғызбаев, әскери полковник Орал Міртаев және басқа да зиялы азаматтар келді. Бұлардың бәрі де осы ауылдың тұлектері. Олар Агаділғұс алғыс айтуда.

Халық тамактанып болған соң ат спортынан өтетін жарылсақ көз салды. Тенге ілуде ауыл кокпаршысы Рәтов Сұлтан сұлтандығын көрсетті, жерге тасталған бес орамалдың торғеуін іліп әкетті. Ортаға кокпардан халыкаралық жарыстардың жеміназы, аударыснамаған Қазақстаниң екі дүркін чемпионы Жәнібек шакырылғанда, сл ұзак қол шапалактаң, қошеметтеп, құрмет көрсеттің отырып алды.

Жүргізуі – асаба, белгілі әртіс Қаршыға «Түйсқұс» мінгел Жәнібекке қарсы келер жігіті шакырылғанда, кок атына мініп Қордай жерінде «Қазақстаниң спорт шебері» атасып кайтқан Нұрман шықты. Алғашында сл ойын корсін деді ме, екеуі ұстасқан қүйі біраз жүрді. Бірақ, көк ат мінгел Нұрман көрсегендік корсетті. Жәнібекте катарласа жүріп, ел агаларының алдына келгендес, Жәнібектің колын жогары котерді. Оның бұл ісі женисті Жәнібекке бергені еді. Мұны жұрт сыйластықтың белгісі деп ұқты.

- Жарайсың, жігіттер!

Халық риза болып тарқасты.

### III-болім

## АҚҚАҢ ЖҰЛДЫЗ

Қысты қыр асырып, көк койлекті коктем келді. Үш күн бойы толассыз жауған жаңбыр елдің әбден ығырын алғын бітті. Аспан түнерін қабагын бір ашилай-ак қойды.

Жәнібектің де қабагы катулы. Достарын «Ақжардағы» жайлайға шақырып, дәм татқызыайын десе, мына күннің де түнерін тұрып алғаны.

Ертең 25 мамыр. Мектептерде соңғы конырау. Құландағы әпкесі Гүлмадинаның үлкен ұлы Ернұр мектеп бітірмек. Әлгінде түскі тамак үстінде женешесі:

- Сол жиенді келін екеуін ертең құттықтаң келсендер қайтеді. Біз Әмірбек екеуміз биелерді сауып, малға қарайық – десен-ді. Олар солай келісті де. Түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз деген осы-ау, жаңаға себелеп тұрган жауын сан тиылышп, аспан шайдай ашылып ишіга келді. Сірә, Құлайдың да балалардың ертеңгі күніне көнілді барсын дегені шығар. Әп сәтте күн жадырап шыға келді. Үйде бүйірғып отырған Серғазы мен Еділбай да күлімсіреп, далаға шықты.

- Эне екеуі де кок шыбықты ат қылып мініп, жарысып барады...

Түн. Ауыл түнін тамашалай бергім келеді. Тыныштықты әлде бір иттің ұлыған зарлы дауысы бұзды. Коніліме үрей үйірлгенмен, үйге кіргім жоқ. Аспан ашық, жұлдыздар жымын-жымын етеді.

- Әне, топ жұлдыздардың ішінен бір жұлдыз жерге қарай құлдилай құлады да, лезде козден ғайып болды. Осынау таңғажайып құбылыстан кейін марқұм әкемнің: «Аспаннан жұлдыз аққан сәтте өмірге бір адам келіп, өмірден бір адам кестеді»- деп айтқаны есіме түсті.

Сол рас екен-ау...

2002 жыл мамырдың 25-ші жұлдызы.

Әмірбек пен Дүйсенекүл түн баласы коз ілмеді. Биенін танғы сауынына барғанда, жарыктық жануарлар иімей қойды. Шелектерін данғырлатып бос қайтты. Үйге келсе үлкен немересі шырқырап жылаң жатыр, кішісі кеңе әкесінен қалмай бірге кесткен.

Жәнібекке ауылдағы ауылдастарға қымыз бер кеше тұган екі сиырдың уызып апарып бер, деп беріп жібергеніне куанды Дүйсенкүл.

- Эй, Дүйсенкүл, колым еш іске барад емес, желідегі құлындарды босата салши, бір түрлі мазам кетіп тұр. Біраз жатып дем алайын, - деп Өмірбек әлі жиылмаған тосекке жата кетті.

Дүйсенкүлдің де еш нәрсеге зауқы жок. Отагасының айтканын орындаи, олда баласының қасына келіп қисайды.

\* \* \*

